Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының түсіндірмесі

● Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының адам өміріндегі маңызы

● Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының артықшылығы

● Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының тілдік жіктелуі

● Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының рүкіндері (тіректері)

● Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының шарттары

● Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы мен міндеттемелері

● Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы адамға қай кезде пайда беретіндігі жайында

● Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының қоғамға тигізер әсері (пайдасы)

Авторы: Имам Солих ибн Фаузан әл-Фаузан (хафизаһуллаһ)

Аударған: Ержан Абзалбек

بسم الله الرحمن الرحيم

Аса Рақымды, ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен

Лә иләһә илла Аллаһ кәлимасының түсіндірмесі

Автордың алғы сөзі[1]

Барша мақтаулар әлемдердің Раббысы Аллаһқа тиесілі. Біз Оны мақтаймыз, Одан жәрдем тілейміз, Одан кешірім сұрап, Оған тәубе етеміз. Әрі біз Одан нәпсіміздің жамандықтары мен жаман амалдарымыздан пана тілейміз. Шын мәнінде, Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал енді кімді адастырған болса, онда оны ешкім тура жолға сала алмайды. Сондай-ақ, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір (құдай) жоқтығына, әрі пайғамбарымыз Мұхаммед (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін. Аллаһтың мақтауы мен сәлемі Өзінің елшісіне, елшісінің сахабалары мен әулетіне және қияметке дейін оның сүннетіне ергендерге болғай.

Содан кейін:

Ақиқатында, Аллаһ Тағала бізді Оны зікір етуімізді (көптеген аяттар мен хадистерде бұйырған, қызықтырған). Әрі Өзін зікір еткендерді мақтап, оларға ұлы сауаптар (сый-сыяпаттар мен Жәннатты) уәде еткен. Сондай-ақ, Өзін зікір етуді бізге әркезде және әрқашан жалпы көрініс те, әрі

[1] **Ескерту:** Бұл кітаптың кейбір жерлері қысқартылып, кейбір жерлеріне қосымша дәлелдер келтірілген.

ғибадаттардың соңында, ғибадаттардан босағаннан кейін ерекше түрде бұйырған. Аллаһ Тағала айтқандай:

فَإِذَا قَضَيْتُمُ ٱلصَّلَوٰةَ فَٱذْكُرُوا۟ ٱللَّهَ قِيَـٰمًا وَقُعُودًا وَعَلَىٰ جُنُوبِكُمْ

{Қашан намазды орындап болсаңдар, Аллаһты тұрған, отырған әрі жамбаспен жатқан халде еске алыңдар[2]}.

Және:

فَإِذَا قَضَيْتُم مَّنَـٰسِكَكُمْ فَٱذْكُرُوا۟ ٱللَّهَ كَذِكْرِكُمْ ءَابَآءَكُمْ أَوْ أَشَدَّ ذِكْرًا

{Қашан қажылық рәсімдерін өтеп болсаңдар, Аллаһты ата-бабаларыңды еске алғандай немесе тіпті одан да қатты дәрежеде еске алыңдар[3]}.

Және:

فَإِذَآ أَفَضْتُم مِّنْ عَرَفَـٰتٍ فَٱذْكُرُوا۟ ٱللَّهَ عِندَ ٱلْمَشْعَرِ ٱلْحَرَامِ

{Арафадан қайтқан кездерінде Мәшғәрул-Харамның маңында (Муздалифада) Аллаһты еске алыңдар[4]}.

Және:

وَٱذْكُرُوا۟ ٱللَّهَ فِىٓ أَيَّامٍ مَّعْدُودَٰتٍ

{Аллаһты санаулы күндерде (қажылық күндерінде) еске алыңдар[5]}.

---

[2] Ниса сүресі, 103-ші аят.

[3] Бақара сүресі, 200-ші аят.

[4] Бақара сүресі, 198-ші аят.

[5] Бақара сүресі, 203-ші аят.

Сонымен қатар, намазды да адамдар Өзін еске алу үшін шариғат еткендігін айтқан:

وَأَقِمِ ٱلصَّلَوٰةَ لِذِكۡرِىٓ

{Мені еске алуың үшін намазды толық орында[6]}.

Және пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) бір хадитсте былай деген:

أَيَّامُ التَّشْرِيقِ أَيَّامُ أَكْلٍ وَشُرْبٍ وَذِكْرِ اللَّهِ

«Ташриқ күндері – ішіп-жеуге әрі Аллаһты еске алуға арналған күндер[7]».

Басқа бір аятта:

يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱذۡكُرُواْ ٱللَّهَ ذِكۡرًا كَثِيرًا * وَسَبِّحُوهُ بُكۡرَةً وَأَصِيلًا

{Ей, иман келтіргендер! Аллаһты өте жиі әрі көп еске алыңдар. Сондай-ақ, таңертең және кешқұрым Оны пәктеп, дәріптеңдер[8]}.

Пайғамбарымыздан (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) «Арафа» күні айтқан дұғасы жөніндегі хабарда айтылғандай; «Лә иләһә иллә Аллаһ» кәлимасы ең абзал зікір болып табылады. Хадисте келгендей:

خَيْرُ الدُّعَاءِ دُعَاءُ يَوْمِ عَرَفَةَ، وَخَيْرُ مَا قُلْتُ أَنَا وَالنَّبِيُّونَ مِنْ قَبْلِي : لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

«Ең жақсы дұға – Арафа күнінің дұғасы. Әрі мен және маған дейінгі пайғамбарлар (Арафа) күні айтқан ең

---

[6] То-Һа сүресі, 14-ші аят.

[7] «Сахих Муслим» 1141, «Муснад имам Ахмад» 20722.

[8] Ахзаб сүресі, 41-42 ші аяттар.

жақсы дұға: «Лә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һуә ‘алә кулли шәй-ин Қодиир» (Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Оның ешбір серігі (ортағы, теңдесі, жәрдемшісі) жоқ. Билік те, мақтау-мадақ та тек Оған ғана тиесілі. Сондай-ақ, Ол – барлық нәрсеге Құдіретті)[9]».

Осыдан келе, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы ең абзал зікір болғандықтан, әрі бұл кәлима үкімдермен байланысқан зікірлердің ішінде осындай ұлы бір дәрежені иемденгендіктен, сондай-ақ, бұл кәлиманы жай ғана тілмен айтып қою жеткіліксіз болғандықтан, бұл кәлиманың құрамында шарттар мен белгілі бір міндеттемелер табылғандықтан, менің қозғайтын тақырыбым – осы ұлы бір кәлима жөнінде болуды қош көрдім. Сонымен қатар, мен Аллаһтан бізді және сіздерді осы кәлимадан бекем ұстанғандардан, оның мағынасын толыққанды түсініп, іштей және сырттай оның міндеттемелеріне сай аймал еткендердің қатарынан қылуын үміт етемін. Бұл кәлима жөніндегі сөзіміз келесі пунктілер төңірегінде болмақ:

1) ***Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының адам өмірінде алатын маңызы мен орны;***
2) ***Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының құндылықтары мен артықшылықтары;***
3) ***Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының ығробы (тілдік жіктелуі);***

---

[9] «Жәмиғ әт-Тирмизи» 3585.

4) ***Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының рүкіндері (тіректері) мен шарттары және мағынасы мен міндеттемелері;***
5) ***Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын тілмен айту адам баласына қай кезде пайда береді және қай кезде пайда бермейді;***
6) ***Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының әсері (пайдасы).***

Олай болса, Аллаһтан жәрдем сұрай отырып сөзімді бастаймын.

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының адам өмірінде алатын маңызы мен орны

Расында, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы – мұсылмандар азандары мен қаматтарында, хұтбалары мен әңгімелерінде ашық түрде айтатын кәлима. Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы себепті аспандар мен жер тұрғызылған, әрі жаратылыстар осы кәлима үшін жаратылған. Аллаһ Өзінің елшілерін осы кәлима үшін жіберіп, кітаптарын түсірген және шариғаттарын шариғат етіп бекіткен. Әрі осы кәлима үшін таразылар тұрғызылып, (адамдардың жақсы-жаман) амалдары жазылған. Бұл кәлима себепті жәннат пен тозақтың саудасы жүргізіліп, жаратылыстар (адамдар мен жындар) иман келтіргендер мен күпір келтіргендер болып екіге бөлінген. Сондай-ақ, бұл кәлима – жаратылыс пен істің және сауап пен жазаның бастамасы. Бұл кәлима – жаратылыстар сол үшін жаратылған хақ сөз. Осы кәлима үшін және оның ақысы үшін ертеңгі күні (қияметте) есеп-қисап (сұрақ-жауап) жүргізіліп, соған байланысты сауап немесе жаза берілетін болады. Және осы кәлима үшін құбыла бекітіліп, міллет (дін) негізделген. Әрі осы кәлима үшін

жорық қылыштары жабдықталған. Оған қоса, бұл кәлима – Аллаһ Өзінің барлық құлдарының (пенделерінің) мойындарына жүктеп қойған Аллаһтың ақысы. Бұл кәлима – Ислам дініне кіргізетін, дәр әс-Сәләмнің (жәннаттың) есіктерін ашатын кәлима. Және осы кәлима жөнінде әуелгілер мен ақырғылар сұралады. Соныман бірге, пенде қияметте Аллаһтың алдында «Нә нәрсеге ғибадат қылатын едіңдер? Және елшілерге не деп жауап бердіңдер?» деген екі нәрседен сұралмайынша, оның екі аяғы ешқайда жылжымайды.

Біріншісі сұрақтың жауабы «Лә иләһә иллә Аллаһ» кәлимасын білу, оны іштей және сырттай мойындау, әрі оған амал ету арқылы жүзеге асады. **Ал, екінші сұрақтың жауабы** «Әшһәду әннә Мухаммадан Расулуллаһ (Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік етемін)» деген кәлима-шаһаданың екінші бөлігін білумен, оған (Мұхаммедке Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) мойынсұнып, бағыну арқылы іске асады.

Шын мәнінде, бұл кәлима – күпір мен исламның арасын бөлетін кәлима. Бұл – тақуалық кәлимасы. Бұл кәлима ұстану керек болған ең берік тұтқа. Бұл – Ибраһим (Аллаһтың оған сәлемі болсын) өзінен кейінгі адамдарға қалдырған бақилық кәлима. Аятта келгендей:

وَجَعَلَهَا كَلِمَةًۢ بَاقِيَةً فِى عَقِبِهِۦ لَعَلَّهُمْ يَرْجِعُونَ

{Әрі бұл кәлиманы (Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын) (Ибраһим) өзінің ұрпақтарына олар тура дінге оралулары үшін мәңгілікке қалдырды[10]}.

Бұл – Аллаһ Тағала Өзі үшін куәлік еткен әрі жаратылыстарының ішінде періштелер мен ілім иелерін (ғалымдарды) куәлік еткізген ұлы кәлима. Бұл турасында Аллаһ Тағала қасиетті Құранда былай деген:

شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُو الْعِلْمِ قَائِمًا بِالْقِسْطِ ۚ

لَا إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ

{Сөзсіз, Аллаһ Тағала, періштелер және әділдік үстінде болған білім иелері де Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ екендігіне куәлік берді. Аса Үстем, Хикмет иесінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ[11]}.

Бұл кәлима – ықылас пен хақ куәліктің, ақиқатқа шақырудың және ширктен (Аллаһқа серік қосудан) алыстықтың кәлимасы. Сондай-ақ, жаратылыс (адамдар мен жындар) осы кәлима үшін жаратылған. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ

{Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме ғана құлшылық етулері үшін жараттым[12]}.

---

[10] Зухруф сүресі, 28-ші аят.

[11] Әли Имран сүресі, 18-ші аят.

[12] Зәрият сүресі, 56-шы аят.

Сондай-ақ, Аллаһ Өзінің елшілерін осы кәлима үшін жіберіп, кітаптарын да осы үшін түсірген. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رَسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ أَنَّهُ لَا إِلَٰهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدُونِ

{Біз сенен алдыңғы елшілерді: «Менен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, ендеше Маған ғана құлшылық қылыңдар» деген уахимен ғана жібергенбіз[13]}.

يُنَزِّلُ ٱلْمَلَـٰٓئِكَةَ بِٱلرُّوحِ مِنْ أَمْرِهِۦ عَلَىٰ مَن يَشَآءُ مِنْ عِبَادِهِۦٓ أَنْ أَنذِرُوٓا۟ أَنَّهُۥ لَآ إِلَـٰهَ إِلَّآ أَنَا۠ فَٱتَّقُونِ

{Ол (Аллаһ) періштелерді Өз әмірінен болған рухпен (уахимен) құлдарының қалағандарына (пайғамбарлар мен елшілерге): «Менен өзге ғибадатқа лайықты ешбір тәңір жоқ екенін ескертіңдер және Менен қорқып, тақуалық етіңдер» деген (уахимен) түсіреді[14]}.

(Бұл кәлиманың адам өміріндегі маңызы жөнінде) **имам Суфьян әс-Сәури** (рахимаһуллаһ) былай деген:

ما أنعم الله على عبد من العباد نعمة أعظم من أن عرّفهم لا إله إلا الله

وإن لا إله إلا الله لأهل الجنة كالماء البارد لأهل الدنيا

«Аллаһ Тағала пендеге Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын үйретуден асқан ұлы нығмет бермеген. Ақиқатында, жәннат иелері үшін Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының

[13] Әнбия сүресі, 25-ші аят.

[14] Ән-Нәхл сүресі, 2-ші аят.

құндылығы – бұл дүние тұрғындарына салқын судың құндылығындай[15]».

Бұл кәлиманы айтқан адамның қаны (жаны) мен малы арам етіледі, сақталады. Ал, бұл кәлиманы айтудан бас тартқан адамның қаны да, малы да бос. Бұл жайлы «Сахих Муслимде» келген хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ قَالَ : لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَكَفَرَ بِمَا يُعْبَدُ مِنْ دُونِ اللَّهِ حَرُمَ مَالُهُ وَدَمُهُ، وَحِسَابُهُ عَلَى اللَّهِ

«Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтып, Аллаһтан өзге құлшылық етілетін (жалған) құдайлардың барлығына күпір келтірген адамның малы мен қаны арам етіледі. Ал, оның шынайы есебі Аллаһтың алдында[16]».

Сондай-ақ, бұл кәлима – Ислам дінін қабылдағысы келген кәпірден ең бірінші талап етілетін нәрсе. Өйткені, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Муаз Ибн Жәбәлді (Аллаһ одан разы болсын) «Йемен» елді мекенінде тұратын кітап иелеріне жіберген кезде оған келесідей өсиет қылған:

إِنَّكَ تَأْتِي قَوْمًا أَهْلَ كِتَابٍ، فَادْعُهُمْ إِلَى شَهَادَةِ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَنِّي رَسُولُ اللَّهِ

«Әй, Муаз! Расында, сен кітап иелерінен болған қауымға бара жатсың. Сондықтан, оларға ең бірінші

---

[15] Ибн Абид-Дунья, «Әш-Шукр»; 95, Абу Нуғайм, «Хильятул-Әулия»; 2/272.

[16] «Сахих Муслим» 23, «Муснад имам Ахмад» 6/394.

айтатын нәрсең – олар Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын айтуды талап ету болсын[17]».

Міне, осылайша сен Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының діндегі алатын орны мен адам өміріндегі маңызын біліп өттің! Ақиқатында, бұл кәлима – адамдардан талап етілетін ең бірінші уәжіп (парыз). Себебі, бұл кәлима – бүкіл амалдар оның үстіне келіп құрылатын негіз болып есептеледі.

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының құндылықтары мен артықшылықтары

Сөзсіз, бұл кәлиманың өте ұлы құндылықтары мен артықшылықтары бар. Әрі бұл кәлиманың Аллаһтың алдындағы алатын орны өте жоғары. Сондықтан, бұл кәлиманы шынайы айтқан адамды Аллаһ Тағала жәннатқа кіргізеді. Ал, бұл кәлиманы өтіріктен (екі жүзділікпен) айтқан адамның (сыртқы көрінісіне қарап үкім етілгендіктен оның) малы мен жаны осы дүниеде сақталады да, ал оның шынайы есебі ертеңгі күні Аллаһтың алдына қалдырылады. Бұл кәлима – өте аз сөздердің жиынтығынан тұрады, әрі тілге жеңіл, қияметте таразыда ауыр келеді. Бұған дәлел ретінде айтылатын Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ одан разы болсын) жеткен хадисті имам Ибн Хиббан және имам әл-Хаким шығарып, оны «сахих» деген, (әрі имам әз-Зәһәби имам әл-Хакиммен хадистің сахих екендігіне келіскен). Ол хадисте Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деген:

---

[17] «Сахих әл-Бухари» 1395, «Сахих Муслим» 19, «Сунан Абу Дауд» 1584.

قَالَ مُوسَى: يَا رَبِّ عَلِّمْنِي شَيْئًا أَذْكُرُكَ بِهِ، وَأَدْعُوكَ بِهِ، قَالَ: قُلْ يَا مُوسَى: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، قَالَ: يَا رَبِّ كُلُّ عِبَادِكَ يَقُولُ هَذَا، قَالَ: قُلْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، قَالَ: إِنَّمَا أُرِيدُ شَيْئًا تَخُصُّنِي بِهِ، قَالَ: يَا مُوسَى لَوْ أَنَّ أَهْلَ السَّمَاوَاتِ السَّبْعِ وَالْأَرَضِينَ السَّبْعِ فِي كِفَّةٍ، وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ فِي كِفَّةٍ، مَالَتْ بِهِمْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

«Мұса (Аллаhтың оған сәлемі болсын): «Уа, Раббым! Мен Сені еске алып жүретіндей және Саған сол арқылы дұға қылатындай бір сөзді маған үйретші?»,- деп сұрайды. Сол кезде Аллаh Тағала оған: «Ей, Мұса! «Лә иләhә иллә Аллаh» деп айт»,- деп айтады. Сонда Мұса Аллаhқа: «Сенің құлдарыңның барлығы осы сөзді айтады емес пе? (Маған ерекше бір сөзді үйрет)»,- дейді. Аллаh Тағала оған: «Ей, Мұса! Расында, Менен басқа жеті қабат аспанның тұрғындарының барлығы және жеті қабат жердегінің бәрі таразының бір табағына (шетіне) және Лә иләhә иллә Аллаh кәлимасы таразының екінші табағына салынатын болса, сөзсіз, лә иләhә иллә Аллаh кәлимасы олардың барлығын басып кетеді»,- деді[18]».

Бұл хадисте «Лә иләhә иллә Аллаh» кәлимасы ең абзал зікір екендігіне дәлел бар.

Абдуллаh Ибн Омар (Аллаh әкесі екеуінен разы болсын) жеткізген хадисте:

خَيْرُ الدُّعَاءِ دُعَاءُ يَوْمِ عَرَفَةَ، وَخَيْرُ مَا قُلْتُ أَنَا وَالنَّبِيُّونَ مِنْ قَبْلِي : لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

[18] «Муснад имам Ахмад» 2/170, «Сахих Ибн Хиббан» 6218, «Әл-Мустадрок» 1936.

«Ең жақсы дұға – Арафа күнінің дұғасы. Әрі мен және маған дейінгі пайғамбарлар (Арафа) күні айтқан ең жақсы дұға: «Лә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һуә ‘алә кулли шәй-ин Қодиир» (Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылық етілуге лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Оның ешбір серігі (ортағы, теңдесі, жәрдемшісі) жоқ. Билік те, мақтау-мадақ та тек Оған ғана тиесілі. Сондай-ақ, Ол – барлық нәрсеге Құдіретті)[19]».

Сонымен қатар, бұл кәлиманың таразыда өте ауыр келетініне тағы бір дәлел ретінде имам Тирмизи риуаят етіп, «хасан» деп үкім еткен және имам Нәсәи мен имам әл-Хаким риуаят етіп, әл-Хаким «имам Муслимнің шартына сай келетін сахих хадис» деп бағалаған Абдуллаһ Ибн ‘Амр Ибн ‘Астың (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын) жеткізген хадисін келтіруге болады. Ол хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деген:

إِنَّ اللَّهَ سَيُخَلِّصُ رَجُلًا مِنْ أُمَّتِي عَلَى رُءُوسِ الْخَلَائِقِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ، فَيَنْشُرُ عَلَيْهِ تِسْعَةً وَتِسْعِينَ سِجِلًّا، كُلُّ سِجِلٍّ مِثْلُ مَدِّ الْبَصَرِ، ثُمَّ يَقُولُ: أَتُنْكِرُ مِنْ هَذَا شَيْئًا؟ أَظَلَمَكَ كَتَبَتِي الْحَافِظُونَ؟ فَيَقُولُ: لَا يَا رَبِّ. فَيَقُولُ: أَفَلَكَ عُذْرٌ؟ فَيَقُولُ: لَا يَا رَبِّ. فَيَقُولُ: بَلَى، إِنَّ لَكَ عِنْدَنَا حَسَنَةً، فَإِنَّهُ لَا ظُلْمَ عَلَيْكَ الْيَوْمَ. فَتَخْرُجُ بِطَاقَةٌ فِيهَا: أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ. فَيَقُولُ: احْضُرْ وَزْنَكَ. فَيَقُولُ: يَا رَبِّ، مَا هَذِهِ الْبِطَاقَةُ مَعَ هَذِهِ السِّجِلَّاتِ؟ فَقَالَ: إِنَّكَ لَا تُظْلَمُ. قَالَ: فَتُوضَعُ السِّجِلَّاتُ فِي كَفَّةٍ، وَالْبِطَاقَةُ فِي كَفَّةٍ، فَطَاشَتِ السِّجِلَّاتُ، وَثَقُلَتِ الْبِطَاقَةُ

«Аллаһ Тағала қиямет күні менің үмбетімнен бір адамның есебін барша адамзаттың алдында жүргізеді.

---

[19] «Жәмиғ әт-Тирмизи» 3585.

Сонда, оған көздің жанары жететін жерге дейін күнәға толған тоқсан тоғыз кітап беріледі. Әрі оған: «Сен осы күнәлардың бірін болса да жоққа шығарасың ба немесе жазушы періштелер саған зұлымдық қылды ма?»,- делінеді. Ол: «О, Раббым! Жоқ, мен (бұның бәрін мойындаймын)»,- деп жауап қатады. Оған: «Мүмкін сенде бір үзір (ақталу) бар шығар?»,- дейді. Ол: «О, Раббым! (Менде ешбір ақталу да) жоқ»,- дейді. Оған: «Расында, сенің бізде бір жақсылығың бар, сол себепті бүгін саған зұлымдық қылынбайды»,- делінеді. Сосын, оның кезінде (шын жүрекпен): «Әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһ, уә әшһәду әннә Мухаммадан Расулуллаһ (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін)» деген куәлігі жазылған бір парақшасы шығарылады, да оған: «(Амалдарыңның) салмағын алып кел»,- делінеді. Ол болса: «Уа, Раббым! Осыншама кітаптардың қасында мынау бір парақша не болмақ?»,- деп таңғала түседі. Оған: «Шынында, бүгін саған ешбір зұлымдық қылынбайды»,- делінеді. Сөйтіп, оның әлгі тоқсан тоғыз кітабы таразының бір табағына, ал парақша екінші табағына салынып, әлгі парақша тоқсан тоғыз кітапты басып түседі де, кітаптар (жан-жаққа) шашырап, жоқ болып кетеді[20]».

Ақиқатында, бұл ұлы кәлиманың артықшылықтары мен құндылықтары өте көп. Сол артықшылықтар мен құндылықтардың біршамасын **имам Ибн Ражаб**

[20] «Жәмиғ әт-Тирмизи» 2639. Хадисті имам Альбани «сахих» деген.

(рахимаһуллаһ) өзінің «Кәлиматуль-Ихлас (Ықылас Кәлимасы)» деп аталатын өте құнды еңбегінде зікір етіп, олардың әрқайсысына дәлелдер келтіріп кеткен. (Бұл кәлиманың артықшылықтарын кеңірек білгісі келген адам, сол кітапқа оралса болады).

Имам Ибн Ражаб (рахимаһуллаһ) өзінің сол еңбегінде келесідей артықшылықтар мен құндылықтарды келтіріп, олардың әрқайсысына дәлелдер келтіреді. Имам Ибн Ражаб (рахимаһуллаһ) айтады: Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының артықшылықтарынан; шын мәнінде, бұл кәлима – жәннаттың құны болып есептеледі. Өйткені, бұл өмірде айтқан ең соңғы сөзі Лә иләәһә иллә Аллаһ болған адам жәннатқа кіреді.

Дәлелі: Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтты:

مَنْ كَانَ آخِرُ كَلَامِهِ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ دَخَلَ الْجَنَّة

«Кімнің ең соңғы сөзі «ләә иләәһә иллә Аллаһ» болса, ол адам жәннатқа кіреді[21]».

Сондай-ақ, бұл кәлима – адамды тозақтан құтқаратын кәлима. Дәлелі: Әнас Ибн Мәлик (Аллаһ одан разы болсын) айтады:

فَسَمِعَ رَجُلًا يَقُولُ: اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ. فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ : عَلَى الْفِطْرَةِ. ثُمَّ قَالَ: أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ. فَقَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: خَرَجْتَ مِنَ النَّارِ

[21] «Сунан Абу Дауд» 3116, «Әл-Мустадрок» 1/233, «Муснад имам Ахмад» 22034. Муаз Ибн Жәбәлдан. Хадисті имам Альбани «сахих» деген.

«Жорықтарының бірінде Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) «Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар (Аллаһ – ең Ұлық, Аллаһ – ең Ұлық)» деп азан шақырып жатқан бір кісінің даусын естиді. Сөйтіп: «Мынау (азан шақырып жатқан адам) фитрада (Аллаһ жаратқан, бұзылмаған табиғи болмыста) екен»,- дейді. Сосын ол кісі «Әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһ, әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһ (шын мәнінде, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқтығына куәлік етемін, шын мәнінде, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқтығына куәлік етемін)»,- дейді. Сонда Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) оған: «Сен тозақтан шықтың (құтқарылдың)»,- деп айтады[22]».

Әрі бұл кәлима – адамды Аллаһтың кешіріміне лайықты етеді. Сондай-ақ, бұл кәлима – жақсылықтардың жақсылығы болып саналады және осы кәлима себепті Аллаһ Тағала барлық қате-кемшіліктерді өшіреді. Оған қоса, бұл кәлима – жүректе жоғалып кеткен иманды қайта жаңартады және таразыда барлық амал дәптерлерден басым түседі[23]. Сонымен қатар бұл кәлима – барлық тосқауылдардан өтіп, Аллаһқа тікелей жетеді және бұл кәлиманы айтқан адамды Аллаһ Тағала шыншылдыққа шығарып, оны растайды. Дәлелі: Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқан:

---

[22] «Сахих Муслим» 382. Әнас Ибн Мәликтен.

[23] Дәлелі: Жоғарыда өткен 99 кітабы (амал дәптері) көздің жанары жеткен жерге дейін күнәға толған адамның хадисі.

مَنْ قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَاللَّهُ أَكْبَرُ صَدَّقَهُ رَبُّهُ، فَقَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا وَأَنَا أَكْبَرُ، وَإِذَا قَالَ : لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ، قَالَ: يَقُولُ اللَّهُ: لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا وَحْدِي، وَإِذَا قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، قَالَ اللَّهُ: لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا وَحْدِي لَا شَرِيكَ لِي، وَإِذَا قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، قَالَ اللَّهُ: لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا لِيَ الْمُلْكُ وَلِيَ الْحَمْدُ، وَإِذَا قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ، قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا أَنَا، وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِي. وَكَانَ يَقُولُ: مَنْ قَالَهَا فِي مَرَضِهِ، ثُمَّ مَاتَ لَمْ تَطْعَمْهُ النَّارُ

«**Кім: «Лә иләһә иллә Аллаһ, уәллаһу Әкбар (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ, Аллаһ – ең Ұлық)»,-** деп айтса, Раббысы (Аллаһ Тағала) ол адамды растап: **«Расында, Менен (Аллаһтан) өзге құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ, Мен – ең Ұлықпын»,-** деп айтады. Сосын ол адам: **«Лә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лә шәрикә ләһ (Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Оның ешбір серігі (ортағы, теңдесі, жәрдемшісі) жоқ)»,-** десе, Аллаһ Тағала (оны растап): **«Еш күдіксіз, Менен өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Менің ешбір серігім (ортағым, теңдесім, жәрдемшім) жоқ»,-** дейді. Сосын ол адам: **«Лә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду (Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылық етілуге лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Оның ешбір серігі жоқ. Билік те, мақтау-мадақ та тек Оған ғана тиесілі)»,-** деп айтса, Аллаһ Тағала (оны растап): **«Анығында, Менен өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Менің ешбір серігім (ортағым, теңдесім, жәрдемшім) жоқ және Билік те, мақтау-мадақ та тек Маған ғана тиесілі»**,- дейді. Сосын ол адам: **«Лә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һуә ‘алә кулли шәй-ин Қодир (Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Оның**

ешбір серігі жоқ. Билік те, мақтау-мадақ та тек Оған ғана тиесілі, сондай-ақ, Ол – барлық нәрсеге Құдіретті)»,- деп айтса, Аллаһ Тағала (оны растап): **«Анығында, Менен өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Менің ешбір серігім жоқ және Билік те, мақтау-мадақ та тек Маған ғана тиесілі, сондай-ақ, Менен басқа күш-құдірет иесі жоқ»,- дейді.** Сосын Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын): **«Осы дұғаны төсек тартып жатып айтып өліп кеткен адамнан тозақ үміт үзеді[24]»,-** деп айтатын еді.

Және бұл кәлима – пайғамбарлар айтқан ең абзал дұға: Дәлелі: жоғарыда өткен Арафа күнінің дұғасына қатысты келген хадис және Мұса пайғамбардың (Аллаһтың оған сәлемі болсын) хадисі.

Және бұл кәлима – ең абзал зікір. (Дәлелі: Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) хадистердің бірінде былай деген:

أَفْضَلُ الذِّكْرِ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

«Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы – ең абзал зікір[25]».

---

[24] «Жәмиғ әт-Тирмизи» 3430, «Амалуль-Яуми уәл-Ләйләһ» 30, «Сахих Ибн Хиббан» 851, «Әл-Мустадрок» 1/46, «Муснад Абу Яғлә» 30, «Шуғабуль-Иман» 663. Абу Һурайра мен Абу Сағид әл-Худриден. Хадисті имам Альбани «сахих» деген.

[25] «Жәмиғ әт-Тирмизи» 3383, «Сунан Ибн Мәжәһ» 3800, «Әл-Мустадрок» 1/686, «Сахих Ибн Хиббан» 846. Жәбир Ибн Абдуллаһтан. Хадисті имам әл-Хаким «сахих» деген, әрі онымен имам әз-Зәһәби келіскен. Сондай-ақ, имам Альбани хадисті «хасан» деген.

Сондай-ақ, бұл кәлима – амалдардың ішінде ең абзалы, әрі сауабы жағынан ең көбі. Оған қоса, бұл кәлиманы айту – құл азат етумен тең келеді және күні бойы шайтаннан қорған болады. Дәлелі: Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай айтқан:

مَنْ قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ. فِي يَوْمٍ مِائَةَ مَرَّةٍ، كَانَتْ لَهُ عَدْلَ عَشْرِ رِقَابٍ، وَكُتِبَتْ لَهُ مِائَةُ حَسَنَةٍ، وَمُحِيَتْ عَنْهُ مِائَةُ سَيِّئَةٍ، وَكَانَتْ لَهُ حِرْزًا مِنَ الشَّيْطَانِ يَوْمَهُ ذَلِكَ حَتَّى يُمْسِيَ، وَلَمْ يَأْتِ أَحَدٌ بِأَفْضَلَ مِمَّا جَاءَ بِهِ، إِلَّا أَحَدٌ عَمِلَ أَكْثَرَ مِنْ ذَلِكَ وَمَنْ قَالَ: سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ. فِي يَوْمٍ مِائَةَ مَرَّةٍ، حُطَّتْ خَطَايَاهُ وَلَوْ كَانَتْ مِثْلَ زَبَدِ الْبَحْرِ

«Лә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һуә ‘алә кулли шәй-ин Қодир» (Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Оның ешбір серігі (ортағы, теңдесі, жәрдемшісі) жоқ. Билік те, мақтау-мадақ та тек Оған ғана тиесілі. Сондай-ақ, Ол – барлық нәрсеге Құдіретті)»,- деп бір күнде 100 рет айтқан адам – 10 құл азат еткендей болады және оған 100 жақсылық жазылып, одан 100 жамандық (күнә) өшіріледі. Әрі ол адам кеш бастқанға дейін күні бойы шайтаннан амандықта қалады. Сонымен қатар, оның жасаған амалынан абзал амалды ешкім жасай алмайды. Тек, осы дұғаны одан да көбірек айтқан адам ғана оның жасаған амалынан да абзал амалды жасай алады. Сондай-ақ, бір күнде 100 рет «Субханаллаһи уә Бихамдиһи (Аллаһ кемшіліктен Пәк және Ол мақтау-мадаққа лайық)» деп айтса, онда оның

бүкіл күнәлары кешірілген болады. Тіпті, оның күнәлары теңіздің көбігіндей көп болса да[26]».

Және бір хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын):

مَنْ قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ عَشْرَ مِرَارٍ كَانَ كَمَنْ أَعْتَقَ أَرْبَعَةَ أَنْفُسٍ مِنْ وَلَدِ إِسْمَاعِيلَ

«Лә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду уә һуә ‘алә кулли шәй-ин Қодиир» (Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Оның ешбір серігі (ортағы, теңдесі, жәрдемшісі) жоқ. Билік те, мақтау-мадақ та тек Оған ғана тиесілі. Сондай-ақ, Ол – барлық нәрсеге Құдіретті)»,- деп бір күнде 100 рет айтқан адам – Исмаил пайғамбардың (Аллаһтың оған сәлемі болсын) ұрпағынан 4 адамды құлдықтан азат еткенмен тең түседі»,- деген[27].

Басқа бір хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқан:

مَنْ دَخَلَ السُّوقَ فَقَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ يُحْيِي وَيُمِيتُ وَهُوَ حَيٌّ لَا يَمُوتُ، بِيَدِهِ الْخَيْرُ، وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، كَتَبَ اللَّهُ لَهُ أَلْفَ أَلْفِ حَسَنَةٍ، وَمَحَا عَنْهُ أَلْفَ أَلْفِ سَيِّئَةٍ، وَرَفَعَ لَهُ أَلْفَ أَلْفِ دَرَجَةٍ وَبَنَى لَهُ بَيْتًا فِي الْجَنَّة

---

[26] «Сахих әл-Бухари» 3293, «Сахих Муслим» 2691. Абу Һурайрадан. Хадистің ләпізі имам Муслимдікі.

[27] Сахих әл-Бухари» 6404, «Сахих Муслим» 2693. Амр Ибн Маймуннан. Хадистің ләпізі имам Муслимдікі.

«Кімде-кім базарға кіріп: «Лә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лләә шәрикә ләһ, ләһул-мулку уә ләһул-хамду, йухйи уә йумит, уә Һуә Хайюн лә йамут, биядиһи әл-хойр, уә һуә ‘алә кулли шәй-ин Қодир» (Жалғыз Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, әрі Оның ешбір серігі (ортағы, теңдесі, жәрдемшісі) жоқ. Билік те, мақтау-мадақ та тек Оған ғана тиесілі. Ол – өлтіріп, тірілтеді. Ол – ешуақытта өлмейтін, Мәңгі Тірі. Әрі жақсылықтың барлығы Оның қолында. Сондай-ақ, Ол – барлық нәрсеге Құдіретті)»,- деп айтқан адамға Аллаһ Тағала мыңнан-мың (яғни, миллион) жақсылық (сауап) жазып, оның мыңнан-мың күнәсі кешіріледі және мыңнан-мың есеге оның дәрежесі көтереді. Әрі Аллаһ Тағала ол пенде үшін жәннаттан бір үй тұрғызады[28]»,- деген.

Сондай-ақ, бұл кәлима – қабір қорқынышы мен қабірдің жалғыздығынан және қайта тірілу күнінің (ақыреттің) өткелдерінен амандық болады. Және бұл кәлима – мүміндер қияметте қайта тірілген кезде олардың айтатын ұрандарына айналады. Сонымен қатар, бұл кәлиманың құндылықтарынан: осы кәлиманы айтқан адамға жәннаттың сегіз есігі бірдей ашылады да, ол жәннатқа сол есіктердің қалағанынан кіре алады. Дәлелі: Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтады:

[28] «Жәмиғ әт-Тирмизи» 3429, «Сунан Ибн Мәжәһ» 2235, «Сунан әд-Дәрими» 2734, «Муснад имам Ахмад» 327. Омардан. Хадисті имам Альбани «хасан» деген.

مَا مِنْكُمْ مِنْ أَحَدٍ يَتَوَضَّأُ، فَيُبْلِغُ - أَو:فَيُسْبِغُ - الْوَضُوءَ، ثُمَّ يَقُولُ : أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُ اللَّهِ وَرَسُولُهُ، اللَّهُمَّ اجْعَلْنِي مِنَ التَّوَّابِينَ، وَاجْعَلْنِي مِنَ الْمُتَطَهِّرِينَ، إِلَّا فُتِحَتْ لَهُ أَبْوَابُ الْجَنَّةِ الثَّمَانِيَةُ، يَدْخُلُ مِنْ أَيِّهَا شَاءَ

«Сендерден кім толыққанды дәрет алып, сосын: «әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһ, уә әшһәду әннә Мухаммадан Расулуллаһ, Аллаһуммә! Иджъәлни минәт-тәууәбин уә иджъалги минәл-мутәтоhhирин (шын мәнінде, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік етемін. Аллаһым! Мені тәубе етушілердің және тазаланушылардың қатарынан қыла гөр)»,- деп айтса, оған жәннаттың сегіз есігі бірдей ашылып, олардың қалағынан жәннатқа кіретін болады[29]»,- деген.

Тағы бір хадисте:

مَنْ شَهِدَ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، وَأَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ، وَأَنَّ عِيسَى عَبْدُ اللَّهِ وَرَسُولُهُ وَكَلِمَتُهُ أَلْقَاهَا إِلَى مَرْيَمَ وَرُوحٌ مِنْهُ، وَالْجَنَّةُ حَقٌّ، وَالنَّارُ حَقٌّ - أَدْخَلَهُ اللَّهُ الْجَنَّةَ عَلَى مَا كَانَ مِنَ الْعَمَلِ

«Кімде-кім: «әшһәдә әллә иләһә иллә Аллаһ, уәхдәһу лә шәрикә ләһ, уә әшһәду әннә Мухаммадан ‘абдуһу уә Расулуһ» (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ, Ол Өзі ғана құлшылық етілуге лайықты, Оның ешбір серігі жоқ және Мұхаммед – Оның құлы әрі елшісі)»,- деп куәлік берсе, сосын, Иса пайғамбар – Аллаһтың құлы және елсіші, Мәриямға айтқан сөзі әрі

[29] «Сахих Муслим» 234, «Жәмиғ әт-Тирмизи» 55. Омардан. Хадистің ләпізі имам Тирмизидікі.

Одан болған бір рух екеніне куәлік етсе, сондай-ақ, жәннат та, тозақ та ақиқат екендігіне куәлік берсе, Аллаh Тағала оның амалының аз-көптігіне қарамастан, оны жәннатқа кіргізеді[30]»,- деген.

Басқа бір риуатта:

أَدْخَلَهُ اللَّهُ مِنْ أَيِّ أَبْوَابِ الْجَنَّةِ الثَّمَانِيَةِ شَاء

«Ол адам жәннаттың сегіз есігінің қайысынан кіруді қаласа, Аллаh Тағала оны сол есіктен кіргізеді[31]»,- делінген.

Бұл кәлиманың тағы бір артықшылығынан: осы өмірде бұл кәлиманы шынайы айтып өткен адамдар кейбір күнәлары үшін тозақта жазаларын өтеу үшін тозаққа кіретін болса да, олар түбінде әрі күндердің бір күнінде тозақтан шығарылатын болады. Дәлелі: Аллаh Тағала Құдси (қасиетті, киелі) хадисте:

يَقُولُ: وَعِزَّتِي وَجَلَالِي وَكِبْرِيَائِي وَعَظَمَتِي لَأُخْرِجَنَّ مِنْهَا مَنْ قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ

«Құдіретіммен, Ұлылығыммен және Тәкәппарлығыммен ант етемін! Расында, Мен тозақтан «лә иләhә иллә Аллаh» деп айтқан адамдарды шығарамын[32]»,- деген.

Міне, имам Ибн Ражаб (рахимаhуллаh) «Кәлиматуль-Ихлас (Ықылас Кәлимасы)» атты шағын кітапшасында «Лә иләәhә иллә Аллаh» кәлимасына байланысты келтіріп кеткен артықшылықтар мен құндылықтар осы.

---

[30] «Сахих әл-Бухари» 3435.
[31] «Сахих Муслим» 28.
[32] «Сахих әл-Бухари 7510», «Сахих Муслим» 193. Әнас Ибн Мәликтен.

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының тілдік жіктелуі

Сөйлемнің мағынасы толық әрі дұрыс суретте түсінілуі үшін сөйлемді тілдік қағидаларға салып жіктеудің маңызы зор. Осыдан келе, ғұламалар Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасның мағынасын тілдік қағидаларға салып жіктеуге ерекше мән берген болатын[33].

Олар бұл кәлиманы келесідей жіктеген:

« لا – лә (жоқ)» نافية للجنس – нәфиятун лил-жинс (бір жынысты немесе типті түбегейлі жоққа шығару әріпі).

« إله – иләһ (тәңір, құдай)» «лә» әрпінің есімі. Әрі «лә мен иләәһ» екеуі фатхаға мабни (яғни, әрдайым мансуб болып, фатханың жағдайынан доммаға немесе кәсраға немесе сукунға ауыспайды).

Ал «лә» әріпінің хабары махзуф (түсіп қалған). Оның тағдырында (яғни, түсіп қалған сөздің орнында) «حق – хаққун (құлшылыққа лайықты, хақылы, шынайы, ақиқат)» деген жасырын сөз бар. Яғни, « لا إله بحق إلا الله – лә иләһә би-хаққин иллә Аллаһ (Хақ Аллаһтан басқа құлшылық етілуге лайықты ешбір тәңір жоқ)» деген мағынада.

Ал, «إلا الله - иллә Аллаһ» деген кәлиманың жалғасы – «лә» әріпінің хабарынан истиснә (шектеу) етілген

[33] Қысқаша мәлеміт ретінде айта кетсек; негізінде, лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының тілдік тұрғыдан жіктелуіне қатысты жеке кітаптар мен ғылыми жұмыстар жазылған. Олардың ішінде тіл имамдары болып саналатын Зәркәши мен Ибн Һишам да бар. Бұл кәлима-шаһаданың 8-ге жуық жіктелу үлгісі бар. Олардың ішінде 6 үлгісі марфуғ (домма) яғни, «лә иләһә иллә Аллаһу» деген түрде келсе, қалған 2 үлгісі мансуб (фатха) яғни, «лә иләһә иллә Аллаһа» деген көрініс те жіктеген.

күшейтпелі сөз. Яғни, «құлшылық етілуге лайықты мүлде ешбір тәңір жоқ. Тек Аллаһтан басқа» деген мағынада келген шектеулі әрі үзілді-кесілді түрде құлшылықтың кез-келген түрі тек Аллаһқа ғана арналу, бағытталу керектігін білдіретін шектеуші сөз.

« إله – иләһ (тәңір, құдай)» деген сөздің мағынасы: құлшылықтар мен ғибадаттардың барлық түрі арқылы Оған ғидабат қылынатын Құдай дегенді білдіреді. Әрі Ол – бір пайдаға жету үшін немесе бір зиянды кетіру үшін жүректер Оны ұлықтап, Оған құлышылық етіп, Оны ғана мақсат қылатын құлшылық етілуші Тәңір.

Осы орында « لا – лә» әріпінің хабарын «حق – хаққун (құлшылыққа лайықты, хақылы, шынайы, ақиқат)» деген хабардың орнына « موجود أو معبود – маужудун әу мағбудун (бар немесе құлшылық етілуші)» деген хабармен ғана тәпсірлеген адам қатты қателеседі. Өйткені, қабірлер мен кесенелер және пұттар сияқты құлшылық етіліп жатқан жалған тәңірлер бар әрі олар өте көп. Алайда, құлшылық етілуге лайықты, шынайы ақылы Аллаһтан өзге Хақ тәңір жоқ. Ал, Аллаһтан өзге құлшылық етіліп жатқандардың барлығы да жалған түрде құлшылық етілуде. Әрі олардың құлшылық етулері ақысыз және жалған, ойдан құрастырылған түрде болып жатыр. Міне, осы мағына (яғни, «құлшылық етілуге лайықты мүлде ешбір тәңір жоқ. Тек Аллаһтан басқа» деген тәпсір) Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы талап ететін екі рүкін (тірек) болып есептеледі. Ендеше, «ләә иләәһә иллә Аллаһ» кәлимасы талап ететін екі рүкнін (тірегін) ашып түсіндіріп кетуге кірісейік.

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының рүкіндері

Ақиқатында, бұл кәлиманың екі тірегі бар:

Бірінші тірегі: النفي – ән-нәфи (түбегейлі жоққа шығару).

Екінші тірегі: الإثبات - әл-исбәт (бекіту).

Бірінші тіректен, яғни, түбейгейлі жоққа шығарудан мақсат – Тәңірлік етуді Аллаһтан өзге барша жаратылыстардан жоққа шығару.

Екінші тіректен, яғни, бекітуден мақсат – Тәңірлік етуді тек кемшілік атаулыдан Пәк Аллаһқа ғана тиесілі етіп бекіту. Өйткені, Ол ғана – шынайы, хақ Тәңір. Ал, Одан өзге құлшылық етіліп жатқан, мүшріктердің (Аллаһқа серік, теңдес қосушылардың) ойдан және қолдан жасап алған құдайларының барлығы – өтірік әрі түкке тұрғысыз жалған тәңірлер. Аллаһ Тағала айтқандай:

ذَٰلِكَ بِأَنَّ ٱللَّهَ هُوَ ٱلۡحَقُّ وَأَنَّ مَا يَدۡعُونَ مِن دُونِهِ ٱلۡبَٰطِلُ

{Өйткені, Аллаһ – әл-Хақ (Ақиқат Құдай), ал олардың (мүшріктердің) Одан (Аллаһтан) өзге жалынып сұрайтындары – жалған, өтірік (құдайлар)[34]}.

Шейх Фаузан (хафизаһуллаһ) бұл бапта бір ғана аятты келтірумен шектелген екен. Кеңірек түсінікті болу үшін, осы кезекте тек Аллаһ қана құлшылыққа лайықты екенін бекітетін, әрі Одан өзге құлшылық етіліп жатқан жалған тәңірлердің ешбірі де құлшылық етілуге лайықсыз екендігін растайтын кейбір аятарды келтірек кетсек, Аллаһ Тағала қасиетті Құранда былай дейді:

---

[34] Хаж сүресі, 62-ші аят.

وَاعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا

{Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер әрі Оған ешнәрсені серік қоспаңдар (теңдестірмеңдер)[35]}.

Тіпті, Құрандағы реттік есеппен санағанда, осы екі тірек, яғни, тек Аллаһқа ғана құлшылық етуді бекітіп, Одан өзге нәрселерге құлшылық қылуды жоққа шығару – ең бірінші бұйрық және ең бірінші тыйым салу болып саналады. Бұл турасында Аллаһ Тағала «Бақара» сүресісінің 21-22 аяттарында былай деген:

يَـٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ ٱعْبُدُوا۟ رَبَّكُمُ ٱلَّذِى خَلَقَكُمْ وَٱلَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ *

ٱلَّذِى جَعَلَ لَكُمُ ٱلْأَرْضَ فِرَٰشًا وَٱلسَّمَآءَ بِنَآءً وَأَنزَلَ مِنَ ٱلسَّمَآءِ مَآءً فَأَخْرَجَ بِهِۦ
مِنَ ٱلثَّمَرَٰتِ رِزْقًا لَّكُمْ ۖ فَلَا تَجْعَلُوا۟ لِلَّهِ أَندَادًا وَأَنتُمْ تَعْلَمُونَ

{Ей, адамдар! Тақуалық етулерің үшін сендерді және сендерден алдыңғыларды да жаратқан Раббыларыңа (Аллаһқа) ғана құлшылық қылыңдар. Ол сондай Раббы – сендерге жерді төсеніш, аспанды бір құрылым етіп жаратты. Сондай-ақ, аспаннан жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге ризық ретінде өнімдерді шығарды. Осыны біле тұра, Аллаһқа ешкімді серік қоспаңдар, теңдестірмеңдер}.

Және бір аятта Аллаһ Тағала айтқан:

وَقَضَىٰ رَبُّكَ أَلَّا تَعْبُدُوا إِلَّا إِيَّاهُ

[35] Ниса сүресі, 36-шы аят.

{Сондай-ақ, Раббың Өзінен басқа ешкімге құлшылық етпеулеріңді әмір етті[36]}.

Және:

إِنَّنِي أَنَا اللَّهُ لَا إِلَٰهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدْنِي وَأَقِمِ الصَّلَاةَ لِذِكْرِي

{Ақиқатында, Мен – Аллаһпын. Менен басқа құлшылыққа лайықты ешбір Тәңір жоқ. Сондықтан Маған ғана құлшылық ет, әрі Мені еске алу үшін намазды толық орында[37]}.

Сонымен қатар, Аллаһтың жіберген елшілерінің барлығы да кәлима-шаһаданың екі тірегіне (Аллаһқа ғана құлшылық етуді бекітуге және Одан өзге нәрселерге құлшылық қылуды жоққа шығаруға) шақырған. Аллаһ Тағала бұл жөнінде былай деп айтқан:

وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ

{Шын мәнінде, Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық етіп, тағуттардан (Одан өзге құлшылық етілетін нәрселерден) сақтаныңдар»- деген уахимен елшілер жібергенбіз[38]}.

Және:

وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رَسُولٍ إِلَّا نُوحِي إِلَيْهِ أَنَّهُ لَا إِلَٰهَ إِلَّا أَنَا فَاعْبُدُونِ

{Біз сенен алдыңғы елшілерді: «Менен басқа құлшылық етілуге лайықты ешбір тәңір жоқ, ендеше

---

[36] Исра сүресі, 23-ші аят.

[37] То-ha сүресі, 14-ші аят.

[38] Нахыл, 36-шы аят.

Маған ғана құлшылық қылыңдар»- деген уахимен ғана жібергенбіз[39]}.

Тағы бір аятта:

وَاسْأَلْ مَنْ أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رُسُلِنَا أَجَعَلْنَا مِنْ دُونِ الرَّحْمَٰنِ آلِهَةً يُعْبَدُونَ

{(Мұхаммед!) Сен өзіңнен алдын жіберілген елшілерімізден: «Біз Әр-Рахманнан (Аллаһтан) өзге құлшылық етілетін тәңірлер жасадық па?»,- деп сұра[40]}.

Сондай-ақ, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының осы ұлы екі тірегін ханифтердің (бірқұдайшылдардың, тек Аллаһқа ғана құлшылық ететіндердің) әкесі болып саналатын – Ибраһим пайғамбар да (Аллаһтың оған сәлемі болсын) бекітіп кеткен. Аятта келгендей:

وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ لِأَبِيهِ وَقَوْمِهِ إِنَّنِي بَرَاءٌ مِمَّا تَعْبُدُونَ *

إِلَّا الَّذِي فَطَرَنِي فَإِنَّهُ سَيَهْدِينِ

{Сонда Ибраһим әкесіне және өз қауымына: «Мен сендердің сыйынып жатқандарыңнан бездім (қатысым жоқ). Тек мені жаратқан (Аллаһтан) басқа. Себебі, Ол мені туралыққа бастайды»,- деп айтты[41]}.

Негізінде осыған ұқсаған аяттар Құранда өте көп кездеседі. Оның барлығын келтіріп, қамтып кету осы шағын ғана кітапшаның көлеміне шақ келмейді.

---

[39] Әнбия сүресі, 25-ші аят.
[40] Зухруф сүресі, 45-ші аят.
[41] Зухруф сүресі, 26-27 ші аяттар.

Олай болса, шейх Фаузанның (хафизаһуллаһ) сөзін жалғастырайық. Шейх сөзін жалғастырып айтады:

Имам Ибн Қойим (рахимаһуллаһ) айтқан:

«Негізінде, « لا إله إلا الله - Лə илəһə иллə Аллаһ (тек Аллаһтан басқа құлшылық етілуге лайықты ешбір тәңір жоқ)» кəлимасның мағынасы – тек Аллаһ қана ғибадат етілуге лайық екендігіне «إله الله - Аллаһ – Илəһ (Аллаһ –Тəңір)» деген сөздің мағынасына қарағанда дəлелі мен құжаты жəне шектеуі жағынан күштірек əрі анығырақ болып саналады. Өйткені, «إله الله - Аллаһ – Илəһ (Аллаһ –Тəңір)» деген сөздің мағынасы Аллаһтан өзге түрлі-түрлі жалған құдайлардың құлшылық етілуге лайықсыз екенін жоққа шығармайды. Алайда, « لا إله إلا الله - Лə илəһə иллə Аллаһ (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тəңір жоқ)» кəлимасның мағынасы – құлшылық етілуді, Тəңірлік етуді тек Аллаһқа ғана шектеп, Одан өзге неше түрлі жалған тəңірлердің барлығын жоққа шығарады.

Сондай-ақ, « لا إله إلا الله - Лəə илəһə иллə Аллаһ кəлимасның мағынасын «тек Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тəңір жоқ» деген тəпсірдің орнына «Аллаһтан басқа Жаратушы жоқ» деген сөзбен ғана тəпсірлеген адам да өте қатты қателесіпті».

Жəне «Тəйсир əл-Азиз əл-Хамид» атты кітаптың авторы – құрметті ғұлама, **шейх Сулейман ибн Абдуллаһ** (рахимаһуллаһ) өзінің аталмыш еңбегінде былай деп айтқан:

«Егер біреу келіп: «илəһ пен илəһия (Тəңір мен Тəңірлік ету)» сөзінің мағынасы анық болды, дегенмен де, «илəһ» сөзін «Жаратуға Құдіретті» деп айтқан адамға қалай

жауап беріледі?»,- десе, оған айтамыз: сөзсіз бұл сөздің жауабы екі жолмен болмақ:

Біріншіден: *Бұл сөз, яғни, «лə илəhə иллə Аллаh» кəлимасын бұлай тəпсірлеу – бидғат (бұрын соңды болмаған, дінге жаңадан енгізілген іс) болып есептеледі. Өйткені, бұл сөзді, яғни, кəлима-шаhаданы осылай тəпсірлеуді – ешбір ғалым білмеген. Тіпті, тілдің имамдары да бұл сөзді білмей өткен. Ғалымдарың да, тіл имамдарының да кəлима-шаhадаға қатысты тəпсірлері жоғарыда өткендей; «Аллаhтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тəңір жоқ» деген түсіндірме болған. Сол себепті бұл сөз (яғни, Аллаhтан өзге Жаратуға Құдіретті тəңір жоқ деген түсіндірме) – дұрыс емес болып саналады.*

Екіншіден: *Бұл түсіндірме дұрыс деген күннің өзінде де, бұл тəпсір – Хақ Тəңір міндетті түрде иемдену керек болған сипаттармен тəпсірлеуден болып табылады. Өйткені, құлшылық етілуге лайықты Құдай міндетті түрде жаратылыстарды жаратуға Құдіретті болу қажет. Ал, қай кезде тəңір жаратуға құдіретсіз болса, онда оны (мүшріктер) «тəңір, құдай» деп атаса да, ол ешуақытта тəңірге айналып кете алмайды. Бірақ, мұның мағынасы «Аллаhтан басқа Жаратушы жоқ» екенін білген адам – Исламға кірген, əрі кəлима-шаhадының шынайы мəн-мағынасы мен талабын жүзеге асырған болып есептелмейді. Сосын, бұл сөзді (яғни, Аллаhтан өзге Жаратушы жоқ екенін білген адам Исламға кірді деген сөзді) ешкім айтпайтын да шығар. Себебі, егер Аллаhтан өзге Жаратушы жоқ екенін білген адам Исламға кіріпті дейтін болсақ, онда кезінде арабтардың мүшріктерінің*

барлығы өмірден мұсылман болып өткен деп айтуымызға тура келеді. Ал, егер кейінгі ғасырларда келген адамдардың бірі «Аллаһтан өзге Жаратушы жоқ» деп қана білген (алайда, Аллаһпен өзге басқа да нәрселерге табынып, құлшылық етіп жүрген) адамды мұсылман болды деп айтса, онда ол сөзсіз, өте үлкен қатемен қателесіпті. Оның осы сөзін ақыли және нақыли (Құран мен Сүннеттен) болған дәлелдер мен құжаттар теріске шығарады.

Өйткені, олар Аллаһтан өзге Жаратушы жоқ екендігін білген, әрі оны мойындап, ол сөзді тілдерімен де айтқан. Бірақ та, олар ол сөзді айтып қоюмен ешуақытта мұсылман болып кетпеген. Себебі, олар Аллаһтан өзге Жаратушы жоқ екендігін мойындағанмен, тек Аллаһ қана құлшылыққа лайықты екенін мойындамаған. Олар Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы мен тәпсірін шынайы біліп түсінгендіктен ғана оны айтудан бас тартқан. Олардың Аллаһтан өзге Жаратушы жоқ деп айтқандарына дәлел келтіретін болсақ, Аллаһ Тағала Құранда былай дейді:

قُلْ مَنْ يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ أَمَّنْ يَمْلِكُ السَّمْعَ وَالْأَبْصَارَ وَمَنْ يُخْرِجُ الْحَيَّ مِنَ الْمَيِّتِ وَيُخْرِجُ الْمَيِّتَ مِنَ الْحَيِّ وَمَنْ يُدَبِّرُ الْأَمْرَ ۚ فَسَيَقُولُونَ اللَّهُ ۚ فَقُلْ أَفَلَا تَتَّقُونَ

{Оларға (кәпірлерге): «Аспан мен жерден сендерді кім ризықтандырады, көру мен есту кімнің мүлкінде және тіріден өлікті, өліктен тіріні кім шығарады, әрі істерді кім басқарады?», - деп айт. Сонда олар бірден:

«Аллаh», - дейді. Сен оларға: «Ендеше, Аллаhтан қорықпайсыңдар ма?!», - деп айт[42]}.

Және:

وَلَئِن سَأَلْتَهُم مَّنْ خَلَقَ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضَ وَسَخَّرَ ٱلشَّمْسَ وَٱلْقَمَرَ لَيَقُولُنَّ ٱللَّهُ ۖ فَأَنَّىٰ يُؤْفَكُونَ

{Егер олардан (Аллаhқа серік қосушы мүшріктерден): «Аспандар мен жерді жаратқан әрі күн мен айды бағынышты етіп қойған кім?» деп сұрасаң, олар міндетті түрде бірден: «Аллаh»,- деп жауап қатады. Олар қаншалықты теріс кеткендер десеңші?![43]}.

Және:

وَلَئِن سَأَلْتَهُم مَّنْ خَلَقَ ٱلسَّمَٰوَ اتِ وَٱلْأَرْضَ لَيَقُولُنَّ خَلَقَهُنَّ ٱلْعَزِيزُ ٱلْعَلِيمُ

{Егер олардан (Аллаhқа серік қосушы мүшріктерден): «Аспандар мен жерді кім жаратқан?» деп сұрасаң, олар сөзсіз: «Оларды әл-Азиз (өте Үстем), әл-Алим (бәрін Білуші) (Аллаh) жаратты»,- дейді[44]}.

Құранда осыған ұқсас аяттар өте көп. Ал, олардың (кезіндегі арабтардың мүшріктері) Лә иләhә иллә Аллаh кәлимасының шынайы мағынасы мен тәпсірін түсінген екендігіне дәлел: Аллаh Тағала Құран-Кәрімде солардың айтқан сөздерін келтіріп айтады:

أَجَعَلَ الْآلِهَةَ إِلَٰهًا وَاحِدًا ۖ إِنَّ هَٰذَا لَشَيْءٌ عُجَابٌ

---

[42] Йунус сүресі, 31-ші аят.

[43] Анкабут сүресі, 61-ші аят.

[44] Зухруф сүресі, 9-шы аят.

{Тәңірлерді бір ғана тәңір қылмақшы ма?! Расында, бұл өте таңқаларлық нәрсе![45]}.

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының шарттары

Ал Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының шарттарына келер болсақ, сөзсіз, бұл кәлима-шаһаданы айтушы адамға ол кәлимада жеті шарттар жиналған кезде ғаған пайда беретін болады. Оның шарттары келесідей:

Бірінші шарт: العلم المنافي للجهل - *білімсіздіктің терісінде тұратын білім.*

Яғни, Бұл кәлиманың мағынасын барлық тәңірлерді жоққа шығарумен және тек Аллаһ қана ғибадат қылынуға лайықты екенін бекітудің үстінде білу. Ал бұл кәлиманы айтып алып, алайда оның мағынасы мен талаптарын білмеген адамға бұл кәлима пайда бермейді. Өйткені ол адам – бұл кәлиманың шынайы мағынасы мен міндеттемелеріне сенім келтірмеген болып саналады. Оның мысалы өзі түсінбейтін тілде сөйлейтін адамның мысалындай.

Екінші шарт: اليقين المافي للشك – *күмән мен шүбә келтірудің терісінде тұратын яқин (айқындық).*

Яғни, айқындық дегеніміз – күмән келтіру мен шүбәға түсудің терісінде болған білімнің ең биік шыңы.

Үшінші шарт: الإخلاص المنافي للشرك – *ширктің (Аллаһқа серік қосудың) тересінде тұратын ықылас.*

---

[45] Сод сүресі, 5-ші аят.

Яғни, бұл – Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы сілтейтін нәрсе.

Төртінші шарт: الصدق المافي للكذب والنفاق – *өтірікке шығару мен екі жүзділік танытудың терісінде тұратын шыншылдық.*

Өйткені, мұнафиқтар мен өтірікшілер бұл кәлиманы оған шынайы иман келтірместен айтады.

Бесінші шарт: المحبة المنافية للبغض – *жек көрудің терісінде тұрған жақсы көру.*

Яғни, бұл кәлима сілтейтін мағыналар мен талаптарды жақсы көріп, онымен қуану. Бұл – мұнафиқтардың істері мен халдеріне қарама-қайшы нәрсе.

Алтыншы шарт: الانقياد المنافي للترك – *тәрк етуге қарсы келетін мойынсұну мен бағыну.*

Яғни, бұл кәлиманың талап ететін ақыларын орындай отырып мойынсұну. Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы талап ететін ақылар – уәжіп болған амалдарды Аллаһ үшін ықыласты әрі Оның разылығын іздеген түрде орындау. Міне, бұның талап ететін мақсаты мен ақылары осы болып табылады.

Жетінші шарт: القبول المنافي للرد – *кері қайтарудың терісінде тұратын қабылдау.*

Яғни, бұл шарт Аллаһтың бұйрықтарын қабылдап, оларға амал етумен және Аллаһ Тағала қайтарған істерді тәрк етумен (тастаумен, жасамаумен) іске асқай.

Күдіксіз, осы шарттардың барлығын ғұламалар осы ұлы кәлиманың шарттары мен ақылары және шектеулерін әрі бұл кәлиманы тек тілмен ғана айтып қою жеткізіліксіз екендігін осы кәлимаға қатысты Құран мен сүннетте келген дәлелдерден түйіндеп шығарған.

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы шарттарының егжей-тегжей дәлелдері:

Шейх Фаузан (хафизаһуллаһ) бұл бапта ешбір дәлел келтірместен тек шарттарды ғана зікір етіп өтіпті. Ал біз болсақ, шейхтың келтірген шарттарын ашып түсіндіріп, оларды Құран мен Сүннеттен алынған дәлелдермен безендіруіміз үшін құрметті ғұлама **шейх Зейд әл-Мадхалидің** (рахимаһуллаһ) Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының шарттарына қатысты жазған төрт өлең-шумағын түсіндіру кезінде келтірген дәлелдерін сіздердің назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік. Одан алдын, осы шарттарға арнап жазылған құрметті ғұлама – хафиз Ибн Ахмад әл-Хакамидің (рахимаһуллаһ) екі шумақ тақпағын келтіре кетсек өте орынды болар. Хафиз әл-Хаками айтқан:

العلم واليقين والقبـــول * والانقيـاد فادر ما أقول

والصـدق والإخلاص والمحبة * وفقك الله لما أحبـــه

Білім, яқин, қабылдау, мойынсұну,

Кәлиманың шарттарын шын түсінші

Шыншылдық, ықылас, жақсы көру,

Аллаһ саған туралық түсірсінші

Ал, енді шейх Зейд әл-Мадхалидің (рахмаһуллаһ) келтірген дәлелдеріне көшейік:

Бірінші шарт: العلم المنافي للجهل - *білімсіздікке қарсы келетін білім.*

Білім дегеніміз – Құран мен сүннет және қателіктен пәк болған бүкіл мұсылмандардың иджмағы (бір ауыздан келісімдері) сияқты анық дәлелдер үстінде мейірім пайғамбары болып табылатын пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) жолын оқып-үйрену. Аллаһ Тағала айтқандай:

شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُو الْعِلْمِ قَائِمًا بِالْقِسْطِ ۚ لَا إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ

{Сөзсіз, Аллаһ Тағала, періштелер және әділдік үстінде болған білім иелер деі Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқтығына куәлік берді. Аса Үстем, Хикмет иесінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ[46]}.

Және:

فَٱعۡلَمۡ أَنَّهُۥ لَآ إِلَٰهَ إِلَّا ٱللَّهُ

{Біл! Расында, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ[47]}.

وَلَا يَمۡلِكُ ٱلَّذِينَ يَدۡعُونَ مِن دُونِهِ ٱلشَّفَٰعَةَ إِلَّا مَن شَهِدَ بِٱلۡحَقِّ وَهُمۡ يَعۡلَمُونَ

[46] Әли Имран сүресі, 18-ші аят.

[47] Мухаммад сүресі, 11-ші аят.

{Тек ақиқатты біле тұра оған шынайы куәлік бергендер ғана (шапағат қылу құқына ие бола алады)[48]}.

Осы аяттың тәпсірінде тәпсірші ғалымдар айтқан: «Яғни, «ләә иләәһә иллә Аллаһ» кәлимасының мағынасы мен мақсатын біліп, оған тілдерімен және жүректерімен куәлік бергендер ғана» деген мағынада.

Сахих Муслимде келген Османның (Аллаһ одан разы болсын) хадисінде Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ مَاتَ، وَهُوَ يَعْلَمُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ دَخَلَ الْجَنَّةَ

«Кімде-кім Лә иләһә иллә Аллаһ (мағынасын) (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ екендігіндін) білген күйде өмірден өтетін болса, ол адам жәннатқа кіреді».

Білімнің терісінде жәһілдік (білімсіздік, надандық) тұрады. Әрі надандық екіге бөлінеді:

1) جهل بسيط - жәһл басит (қарапайым надандық).
2) جهل مركب – жәһл мурокаб (надандық үстіндегі надандық).

Екеуінің айырмасы: жәлһ басит ол – бір нәрсені білмеу. Мәселен, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасын және басқа да ислам мен иманның және халал мен харамдардың үкімдерін білмеу сияқты. Өйткені, ол адам бұрын-соңды ешқандай ілім алып көрмеген. Ал жәһл мураоккаб болса, ол адам өзінің ақидасы мен намазының үкімдерін білемін деп дау салады да, алайда, оның дау-

[48] Зухруф сүресі, 86-шы аят.

дамайы ақиқатқа қарама-қайшы болып шығады. (Яғни, өзі білмейді, әрі білмейтінін де білмей білемін деп дауласады).

Екінші шарт: اليقين المافي للشك – *күмән мен шүбә келтіруге қарсы келетін яқин (айқындық).*

Яғни, осы кәлиманы айтып тұрған адам бұл кәлиманың мағынасы мен талаптарына шынайы әрі анық шешімді айқындықпен қарауы тиіс. Өйткені, шынайы иман келтіру – басым ойдың білімі бойынша емес, айқын білімнің үстінде болуы шарт. Айқындықты күмән келіп шабуылдаса қалай болар екен? Аллаh Тағала айтады:

إِنَّمَا ٱلْمُؤْمِنُونَ ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ بِٱللَّهِ وَرَسُولِهِۦ ثُمَّ لَمْ يَرْتَابُوا۟ وَجَـٰهَدُوا۟ بِأَمْوَٰلِهِمْ
وَأَنفُسِهِمْ فِى سَبِيلِ ٱللَّهِ ۚ أُو۟لَـٰٓئِكَ هُمُ ٱلصَّـٰدِقُونَ

{Мүміндер – олар Аллаhқа және Оның елшісіне иман келтіріп, содан кейін еш күмәнданбағандар, әрі мал-мүлктермін және жандарымен Аллаh жолында күрескендер. Міне, солар – шыншылдар[49]}.

Бұл аятта Аллаh Тағала олардың имандары дұрыс болулары үшін (Аллаhқа және Оның елшісіне) күмән мен шүбә келтірмеуді шарт еткен. Себебі, Аллаhқа және Оның елшісіне иман келтіру – діннің барлығын қамтып кетеді. Ал, осы нәрседе күмән келтіру – мұнафиқтардың маnhажы (ұстанатын жолы). Бұл – ақида (сенім) бабындағы нифақ (екі жүзділік) болып есептеледі. Аллаh Тағала біз бен сіздерді олардың сенімдері мен мінез-құлықтарынан сақтасын! Құран мен сүннет бір уахидан бастау алып жатқандықтан, Аллаh

[49] Хужурат сүресі, 15-ші аят.

елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Абу Һурайрадан жеткен хадисте былай деген:

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَنِّي رَسُولُ اللَّهِ، لَا يَلْقَى اللَّهَ بِهِمَا عَبْدٌ غَيْرَ شَاكٍّ فِيهِمَا إِلَّا دَخَلَ الْجَنَّةَ

«Мен – Аллаһтан өзше құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ әрі мен Оның елшісі екендігіме куәлік етемін. Кімде-кім осы екі куәлікке (куәлік етіп), оған күмәнданбастан Аллаһты кездестіретін болса, ол адам жәннатқа кіреді[50]».

Басқа бір риуаятта:

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَنِّي رَسُولُ اللَّهِ، لَا يَلْقَى اللَّهَ بِهِمَا عَبْدٌ، غَيْرَ شَاكٍّ فَيُحْجَبَ عَنِ الْجَنَّةِ

«Мен – Аллаһтан өзше құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ әрі мен Оның елшісі екендігіме куәлік етемін. Кімде-кім осы екі куәлікке (куәлік етіп), оған күмәнданбастан Аллаһты жолықтыратын болса, ол адам жәннаттан тосылмайды[51]»,- деген.

Абу Һурайрадан жеткен басқа бір ұзын хадисте Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деп айтқан:

فَمَنْ لَقِيتَ مِنْ وَرَاءِ هَذَا الْحَائِطِ يَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ مُسْتَيْقِنًا بِهَا قَلْبُهُ، فَبَشِّرْهُ بِالْجَنَّةِ

---

[50] «Сахих Муслим» 27.

[51] «Сахих Муслим» 27.

«(Әй, Абу Һурайра!) Мына қабырғаның артында Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасына (Аллаһтан өзше құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне) айқын түрде шын жүрегімен куәлік еткенді жәннатпен сүйіншілендір[52]».

Үшінші шарт: الإخلاص المنافي للشرك – *ширкке (Аллаһқа серік қосуға) қарсы келетін ықылас.*

Ықылас дегеніміз – амалды ізгі ниет арқылы ширктің (Аллаһқа серік қосудың) қоқыстары мен кірлерінен тазарту. Ықыластың Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы шарттарының бір шарты және амалдың қабыл етілуінің ең басты шарты екендігіне қатысты Құран мен Сүннетте келген дәлелдер өте көптеп кездеседі. Олардың мәтіндері де (контексттері), иснадтары да (хадистің жеткен жолы мен тізбектері) сахих (сенімді). Мәселен, аятардың бірінде Аллаһ Тағала айтқан:

أَلَا لِلَّهِ ٱلدِّينُ ٱلْخَالِصُ

{Сөзсіз, таза (ықыласты) болған дін – тек Аллаһқа ғана тиесілі[53]}.

Және:

فَاعْبُدِ اللَّهَ مُخْلِصًا لَهُ الدِّينَ

{Аллаһқа – дінді (серік қосулардан) тазартқан күйде құлшылық қыл[54]}.

Және:

---

[52] «Сахих Муслим» 31.

[53] Зүмәр сүресі, 3-ші аят.

[54] Зүмәр сүресі, 2-ші аят.

وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ ۚ وَذَٰلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ

{Олар ханиф болған (Аллаһты бірлеген) күйде Оған діндерін (серік қосудан) тазартуға, құлшылық етуге, намаз оқуға және зекет беруге бұйырылған еді[55]}.

Хадистерге мысал келтірсек, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын):

أَسْعَدُ النَّاسِ بِشَفَاعَتِي يَوْمَ الْقِيَامَةِ مَنْ قَالَ : لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ خَالِصًا مِنْ قَلْبِهِ أَوْ نَفْسِهِ

«Қиямет күні менің шапағатыма (лайықты болған) ең бақытты адам – Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын шын жүрегімен ықыласты түрде айтқан адам[56]»,- деген.

Басқа бір хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын):

فَإِنَّ اللَّهَ قَدْ حَرَّمَ عَلَى النَّارِ مَنْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ ؛ يَبْتَغِي بِذَلِكَ وَجْهَ اللَّهِ

«Аллаһтың жүзін қалап «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп айтқан адамға Аллаһ тозақты харам еткен[57]»,- деген.

Басқа бір хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын):

مَا قَالَ عَبْدٌ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ قَطُّ مُخْلِصًا إِلَّا فُتِحَتْ لَهُ أَبْوَابُ السَّمَاءِ حَتَّى تُفْضِيَ إِلَى الْعَرْشِ مَا اجْتَنَبَ الْكَبَائِرَ

«Қандай да бір пенде үлкен күнәлардан сақтанған жағдайда «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп шын жүректен ықыласты түрде куәлік берсе, ол кәлима Аршыға жетіп

---

[55] Бәйина сүресі, 5-ші аят.

[56] «Сахих әл-Бухари» 99.

[57] «Сахих әл-Бухари» 425, «Сахих Муслим» 33.

барғанға дейін оған аспан есіктері ашыла түседі[58]»,- деген.

Осы дәлелдерден алынатын нәрсе – ықыластың Лә иләһә иллә Аллаһ (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір Тәңір жоқ) кәлимасы шарттарының бірі болып саналатындығы әрі оны айтқан адамда ықылас болмаса, онда оған ол кәлима еш пайда бермейтіндігі.

Төртінші шарт: الصدق المافي للكذب والنفاق – *өтірікке шығару мен екі жүзділік танытуға қарсы келетін шыншылдық.*

Шыншылдық дегеніміз – бұл кәлиманы шын жүректен шыншыл түрде айту. Аллаһ Тағала айтқандай:

الم * أَحَسِبَ النَّاسُ أَنْ يُتْرَكُوا أَنْ يَقُولُوا آمَنَّا وَهُمْ لَا يُفْتَنُونَ * وَلَقَدْ فَتَنَّا الَّذِينَ مِنْ قَبْلِهِمْ ۖ فَلَيَعْلَمَنَّ اللَّهُ الَّذِينَ صَدَقُوا وَلَيَعْلَمَنَّ الْكَاذِبِينَ

{Әлиф, Ләм, Мим. Адамдар: «Иман келтірдік»- деп айтсақ болды, сыналмай қаламыз деп ойлай ма? Сөзсіз, Біз олардың алдындағыларды да сынағанбыз. Күмәнсіз, Аллаһ шыншылдық танытқандарды да, әөтірікші болғандарды да біледі[59]}.

Сондай-ақ, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын):

مَا مِنْ أَحَدٍ يَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ صِدْقًا مِنْ قَلْبِهِ، إِلَّا حَرَّمَهُ اللَّهُ عَلَى النَّارِ

---

[58] «Жәмиғ әт-Тирмизи» 3590. Хадисті имам Альбани «хасан» деген.

[59] Әнкабут сүресі, 1-3 ші аяттар.

«Кімде-кім: «Әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһ уә әшһәду әннә Мухаммадан Расулуллаһ (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір Тәңір жоқ, әрі Мұхаммед Оның Елшісі екендігіне куәлік беремін)» деген сөзді жүрегінен шыншыл болған күйде айтатын болса, сөзсіз, Аллаһ (Тағала) ол адамды тозаққа (кіруін) харам етеді[60]»,- деген.

Осыдан-ақ, сіз пайғамбарымыздың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) осы кәлиманы айтып, тозақтан құтылғысы келген адамға оны шын жүректен шыншыл түрде айту керектігін шарт қылғандығын, әрі оны өтірік айтқан адамға бұл кәлима пайда бермейтінін баяндағанын көрсеңіз болады. Өйткені, тілдің сөзі жүректің растауы мен шыншылдыққа шығаруына сай келмейінше, тек тілмен ғана айтып қою жеткіліксіз, пайдасыз.

Бесінші шарт: المحبة المنافية للبغض – *жек көруге қарсы келетін жақсы көру.*

Яғни, осы кәлиманы түсірген Аллаһты, оны адамдарға жеткізген елшіні және ол кәлима қамтып кеткен мән-мағынаға жараса амал еткендері жақсы көру дегенді білдіреді. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَمِنَ ٱلنَّاسِ مَن يَتَّخِذُ مِن دُونِ ٱللَّهِ أَندَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ ٱللَّهِ ۖ

وَٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓا۟ أَشَدُّ حُبًّا لِّلَّهِ ۗ

{Адамдардың арасында Аллаһты өзге нәрселерге теңестіріп (соларды тәңір етіп алып), оларды Аллаһты жақсы көргендей жақсы көретіндер бар. Ал, иман

[60] «Сахих әл-Бухари» 128, «Сахих Муслим» 32.

келтіргендер Аллаһты бәрінен де қатты әрі артық жақсы көреді[61]}.

Бұл аятта Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын айтқандар Аллаһты барлық нәрседен қатты жақсы көріп, Оған жақсы көру бабында ешкімді теңдестірмейтіндіктеріне дәлел бар. Ал мүшріктер болса, олар Аллаһты да және Онымен бірге өздері ойдан шығарып алған сантүрлі жалған тәңірлерді де жақсы көреді. Сөзсіз, олардың бұл ісі – Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мән-мағынасы мен талаптамаларына қарсы келеді. Сондай-ақ, махаббаттың терісінде жек көру тұрады.

Яғни, Аллаһты немесе Оның елшісін жек көруден сақ болу қажет. Себебі, Аллаһ пен Оның елшісін жек көру – Лә иләһә иллә Аллаһ куәлігіне балта шабады.

Аллаһ Тағала Өзін жақсы көру жайында айтқандай:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا مَنْ يَرْتَدَّ مِنْكُمْ عَنْ دِينِهِ فَسَوْفَ يَأْتِي اللَّهُ بِقَوْمٍ يُحِبُّهُمْ وَيُحِبُّونَهُ

{Ей, иман келтіргендер! Сендерден кім діннен қайтатын болса, Аллаһ (сендердің орындарына) Өзі оларды жақсы көретін және олар да Аллаһты жақсы көретін (басқа) бір қауымды алып келеді[62]}.

Әрі Әнас Ибн Мәликтен (Аллаһ одан разы болсын) жеткен хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай деді:

---

[61] Бақара сүресі, 165-ші аят.

[62] Мәида сүресі, 54-ші аят.

ثَلَاثٌ مَنْ كُنَّ فِيهِ وَجَدَ حَلَاوَةَ الْإِيمَانِ: أَنْ يَكُونَ اللَّهُ وَرَسُولُهُ أَحَبَّ إِلَيْهِ مِمَّا سِوَاهُمَا، وَأَنْ يُحِبَّ الْمَرْءَ لَا يُحِبُّهُ إِلَّا لِلَّهِ، وَأَنْ يَكْرَهَ أَنْ يَعُودَ فِي الْكُفْرِ كَمَا يَكْرَهُ أَنْ يُقْذَفَ فِي النَّارِ

«(Осы) үш сипат кімнің бойында кездесетін болса, онда, ол адам иманның дәмін татқан болып есептеледі. (Біріншісі): Ол үшін Аллаһ пен Оның Елшісі бүкіл нәрселерден қарағанда сүйіктірек болу. (Екіншісі): Егер бір адамды жақсы көрсе, оны тек Аллаһ үшін ғана жақсы көру. (Үшіншісі): Күпірге қайтып оралуды – тозаққа түсіп кететіндей дәрежеде жек көру[63]».

Алтыншы шарт: الانقياد المنافي للترك – *тәрк етуге қарсы келетін мойынсұну мен бағыну.*

Яғни, кәлима-шаһаданың талаптамаларына бас ииіп, оған мойынсұну. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَمَنْ يُسْلِمْ وَجْهَهُ إِلَى اللَّهِ وَهُوَ مُحْسِنٌ فَقَدِ اسْتَمْسَكَ بِالْعُرْوَةِ الْوُثْقَىٰ

{Жүзін Аллаһқа жақсылықтарды ықыласпен істейтін күйде бұрған адам – ең сенімді тұтқадан ұстаған болады[64]}.

Берік тұтқа дегеніміз – Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы. Және {жүзін бұрып, Оған мойынсұнған} дегеннің мағынасы – өте Ұлы әрі тым Құдіретті Аллаһқа Оның бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан алыстау әрі Оның елшісінің сүннетіне еру арқылы Оған бағынып, бас ию. Мойынсұну ол – (Аллаһтың бұйрықтарын) тәрк етуге қарсы келеді.

---

[63] «Сахих әл-Бухари» 16, «Сахих Муслим» 43.
[64] Лұқман сүресі, 22-ші аят.

Жетінші шарт: القبول المنافي للرد – *кері қайтаруға қарсы келетін қабылдау.*

Яғни, тек Аллаһқа ғана табыну әрі Одан басқа ешнәрсеге сыйынбау сияқты кәлима-шаһаданың талаптамаларын қабыл ету. Кімде-кім кәлима-шаһаданы айтып, содан кейін осы бір ұлы шартты қабыл етпесе және ол шартты ұстанбаса, онда ол адам – Аллаһ Тағала «Соффат сүресі, 35-36-шы аяттарда» сипаттаған адамдардың қатарына кіреді:

إِنَّهُمْ كَانُوا إِذَا قِيلَ لَهُمْ لَا إِلَٰهَ إِلَّا اللَّهُ يَسْتَكْبِرُونَ * وَيَقُولُونَ أَئِنَّا لَتَارِكُو آلِهَتِنَا لِشَاعِرٍ مَجْنُونٍ

{Оларға: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір Тәңір жоқ»- деп айтылған кезде, олар тәкәппарланып, өздерін жоғары санайтын. Әрі олар: «Біз жын ұрған ақынға бола тәңірлерімізді тастайық па?!»,- деп айтатын еді}.

Осы екі аяттың мағынасы барлық замандардағы әрі барлық мекендердегі қабірлер мен кесенелерге табынушыларға дәлме-дәл сай келеді екен. Өйткені, олар Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын айтады да, алайда, олардың бастарына қайғы мен қиыншылық немесе қатты мұқтаждық түскен кезде олар қабірлер мен кесенелерден көмеу сұрап жалбарынуларын, оларға табынып сыйынуларын тастар емес. Сол сәтте олар өздерінің сол істерімен Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы мен талаптамаларын қабыл етпеген болып есептеледі. Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) осыған мысал келтіріп, былай айтқан:

مَثَلُ مَا بَعَثَنِي اللَّهُ بِهِ مِنَ الْهُدَى وَالْعِلْمِ، كَمَثَلِ الْغَيْثِ الْكَثِيرِ أَصَابَ أَرْضًا، فَكَانَ مِنْهَا نَقِيَّةٌ قَبِلَتِ الْمَاءَ، فَأَنْبَتَتِ الْكَلَأَ وَالْعُشْبَ الْكَثِيرَ، وَكَانَتْ مِنْهَا أَجَادِبُ أَمْسَكَتِ الْمَاءَ، فَنَفَعَ اللَّهُ بِهَا النَّاسَ فَشَرِبُوا، وَسَقَوْا، وَزَرَعُوا، وَأَصَابَتْ مِنْهَا طَائِفَةً أُخْرَى، إِنَّمَا هِيَ قِيعَانٌ لَا تُمْسِكُ مَاءً، وَلَا تُنْبِتُ كَلَأً، فَذَلِكَ مَثَلُ مَنْ فَقُهَ فِي دِينِ اللَّهِ، وَنَفَعَهُ مَا بَعَثَنِي اللَّهُ بِهِ، فَعَلِمَ وَعَلَّمَ، وَمَثَلُ مَنْ لَمْ يَرْفَعْ بِذَلِكَ رَأْسًا، وَلَمْ يَقْبَلْ هُدَى اللَّهِ الَّذِي أُرْسِلْتُ بِهِ

«Аллаh (Тағала) мені (елші етіп) жіберген білім мен тура жолдың мысалы – жерге молынан жауған жауынның мысалындай. Сол жердің ішінде жауынды қабылдап, соның салдарынан көптеген ағаштар мен шөптерді өсіріп шығарған құнарлы жер бар. Әрі сол жердің ішінде адамдар су ішіп, малдары мен егістіктерін суғарған – суды бетінде ұстап қалған қатты жер бар. Және сол жердің ішінде суды да ұстап тұрмайтын, әрі ағашты да өсіріп шығармайтын жазық жер бар. Бірінші (құнарлы) жердің мысалы – Аллаhтың дінін оқып-үйреніп, Аллаh Тағала мені жіберген нәрсе оған пайда беріп, өзі біліп, оны өзгелерге де үйреткен адамның мысалы. Ал, екінші (қатты) жердің мысалы – (сол білім мен тура жолдың дұрыс екенін біліп), алайда, оны іс жүзінде іске асырмаған адамның мысалы. Ал үшінші (жазық) жердің мысалы – мен алып келген тура жолды қабылдамаған адамның мысалы болып табылады[65]».

Лә иләhә иллә Аллаh кәлимасының мағынасы мен міндеттемелері

Алдыңғы өткен сабақтардан Лә иләhә иллә Аллаh кәлимасының мағынасы – Аллаhтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ және Оның ешбір серігі (теңдесі)

[65] «Сахих әл-Бухари» 79, «Сахих Муслим» 2282.

жоқ, өйткені Ол ғана құлшылық етілуге лайықты Тәңір деген мағына екендігі белгілі болды. Сөзсіз, бұл ұлы кәлима өзінің ішінде тек Аллаh қана ақиқат Құдай екендігін, ал Аллаhтан өзге құлшылық етіліп жатқан құдайлардың бәрі жалған тәңірлер екендігін, себебі олардың ешбірі де құлшылық етілуге лайықты еместігін қамтып кеткен. Сондықтан да, Аллаhқа құлшылық етіңдер деген бұйрық көптеген аяттар мен хадистерде Одан өзгелерге құлшылық қылмаңдар, табынбаңдар, сыйынбандар деген тыйыммен қатар жүреді. Аллаh Тағала айтқандай:

وَاعْبُدُوا اللَّهَ وَلَا تُشْرِكُوا بِهِ شَيْئًا

{Аллаhқа ғана құлшылық етіңдер, әрі Оған ешнәрсені серік қоспаңдар (теңдестірмеңдер)[66]}.

Және:

فَمَن يَكۡفُرۡ بِٱلطَّٰغُوتِ وَيُؤۡمِنۢ بِٱللَّهِ فَقَدِ ٱسۡتَمۡسَكَ بِٱلۡعُرۡوَةِ ٱلۡوُثۡقَىٰ لَا ٱنفِصَامَ لَهَاۗ وَٱللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ

{Ал кім тағуттарға (Аллаhтан басқа құлшылық етіліп жатқан жалған тәңірлерге) күпір келтіріп, Аллаhқа иман келтірсе, бұзылмайтын ең берік тұтқадан ұстаған болады. Расында, Аллаh – Сәми’ (Естуші), ‘Алим (Білуші)[67]}.

Және:

وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ

---

[66] Ниса сүресі, 36-шы аят.

[67] Бақара сүресі, 256-шы аят.

{Шын мәнінде, Біз әрбір үмбетке: «Аллаһқа ғана құлшылық етіп, тағуттардан (Одан өзге құлшылық етілетін нәрселерден) сақтаныңдар»- деген уахимен елшілер жібергенбіз[68]}.

Хадистердің бірінде Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деген екен:

مَنْ قَالَ: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَكَفَرَ بِمَا يُعْبَدُ مِنْ دُونِ اللَّهِ حَرُمَ مَالُهُ وَدَمُهُ، وَحِسَابُهُ عَلَى اللَّهِ

«Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтып, Аллаһтан өзге құлшылық етілетін (жалған) құдайлардың барлығына күпір келтірген адамның малы мен қаны (жаны) арам етіледі. Ал, оның шынайы есебі Аллаһтың алдында[69]».

Сондай-ақ, барлық елшілер мен пайғамбарлар (солардың ішінде Ағраф және Һуд сүресінде келгендей; Нұх, Һуд, Солих және Шуғайб) өз қауымдарына:

فَقَالَ يَـٰقَوۡمِ ٱعۡبُدُواْ ٱللَّهَ مَا لَكُم مِّنۡ إِلَـٰهٍ غَيۡرُهُۥٓ إِنِّيٓ أَخَافُ عَلَيۡكُمۡ عَذَابَ يَوۡمٍ عَظِيمٍ

{Ол (яғни, Нұх): «Ей, қауымым! Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, сендердің Одан басқа тәңірлерің жоқ. Сөзсіз, (егер сендер Одан өзгеге табынсаңдар), мен сендер үшін ұлы күннің (қияметтің) азабынан қорқамын»,- деді[70]}.

Имам Ибн Ражаб (рахимаһуллаһ) айтады:

«Бұл мағынаның игерімі мен толық түсіндірмесі, яғни, пенденің Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтуы – Аллаһтан басқа

---

[68] Нахл сүресі, 36-шы аят.

[69] «Сахих Муслим» 23, «Муснад имам Ахмад» 6/394.

[70] «Ағраф» сүресі, 59- шы аят.

құлшылық етілуге лайықты ешбір тәңірдің жоқ екендігін бекітуі болып табылады. Тәңір деп – азабынан сақтану, жазасынан қорқу, сауабынан үміт ету, барлық жағдайда жалғыз Оған ғана тәуекел ету, қажеттерді сұрау, жалынып-жалбарыну, жақсы көру, ұлықтау және құрметтеу арқылы Оған ғана құлшылық етіп, Оған ешқашанда қарсы келуге болмайтын құдайды (Аллаһты) айтады. Әрі осы амалдардың ешбірі Аллаһтан өзгеге арналуға, бағышталуға болмайды[71]».

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы мен міндеттемелері осы нәрселерді қамтығандықтан, пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) Құрайш тайпасының мүшріктеріне:

«Ей, адамдар! Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтыңдар, сонда тозақтан құтыласыңдар»,- деп айтқан кезде олар оған:

أَجَعَلَ الْآلِهَةَ إِلَٰهًا وَاحِدًا ۖ إِنَّ هَٰذَا لَشَيْءٌ عُجَابٌ

{Тәңірлерді бір ғана тәңір қылмақшы ма?! Расында, бұл – өте таңқаларлық нәрсе!} деген.

Олар осы кәлиманың мағынасы Аллаһтан өзге құлшылық етіліп жатқан жалған тәңірлердің барлығын жоққа шығарып, құлшылық етілудің барлық түріне тек Аллаһ қана лайық деп бекітетінін білген. Ал, олар бұны қаламайтын еді. Осыдан келе, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы мен міндеттемесі – құлшылықтың барлық түрін тек Аллаһқа ғана арнап, Одан өзге нәрселерге

[71] «Кәлиматуль-Ихлас» 1/23.

табынуды тәрк ету екендігі анық бола түсті. Егер біреу Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтса, ол адам тек Аллаһқа ғана құлшылық етудің уәжіптігін, әрі Одан өзге құлшылық етіліп жатқан пұттардың, қабірлер мен кесенелердің және әулие-әнбиелер мен салихалы адамдардың ешбірі де құлшылық етілуге лайықты емес екендігін ашық түрде жариялаған болып саналады. Міне, осы арқылы қазіргі таңда қабірге (өлілерге) табынатындардың және соларға ұқсағандардың: «Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы – Аллаһтың бар екенін бекіту немесе Оны (Аллаһты) – Жаратушы әрі жоқтан бар қылуға Құдіретті деп білу» деген сенімдері жалғанға шықпақ. Сондай-ақ, кейбір адамдардың: «Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы – Аллаһтан басқа үкім етуші жоқ»- деп тәпсірлеп, осы тәпсірге сенген адам Аллаһтан өзге нәрселерге қанша құлшылық етсе де, өлілерге қанша жалбарынса да, оларға құрбандықтар шалып, нәзірлер (құлшылық уәделерін) айтып, олардың қабірлерінің топырағынан береке тілеп, қабірлерін қаншама тауаф қылып жүрсе де таухидті толығымен жүзеге асырған болады деп сенулері де жалғанға айналмақ. Өйткені, ертедегі мүшріктер олармен осы ақидада (сенімде) серіктес болғандығын олар білмейді. Олар (яғни, ертедегі мүшріктер) Аллаһ Тағала жаратуға Құдіретті екенін және олар Аллаһтан басқа нәрселерге оларды Аллаһқа жақындатулары үшін ғана құлшылық еткендерін бекіткен. Олар ешуақытта өздері табынып жатқан жалған тәңірлерге оларды жаратады немесе ризықтандырады екен деген сеніммен құлшылық қылмаған.

Ал таухид әл-Хәкимия (үкім етуде Аллаһты жалғыздау) болса, бұл нәрсе таухидтің бір бөлігі екендіні сөзсіз. Алайда, таухид әл-Хәкимия таухидтің толыққанды мағынасы емес.

Себебі, Аллаһтан басқа нәрселерге құлышылық ете тұра, құқықтарда, өзара ақылар мен ұрыс-керістерде Аллаһтың үкіміне жүгіну жеткіліксіз.

Егер де, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы олар айтып тұрғандай болғанда, онда олар менен Аллаһ елшісінің (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) арасында ешқандай талас-тартыс орын алмаған болар еді. Яғни, егер Аллаһ елшісі оларға келіп: Аллаһ Тағаланы бар деп сеніңдер немесе Оны жаратуға Құдіретті деп бекітіңдер немесе қан мен жан, мал-мүлік ақыларында Аллаһтың шариғатына жүгініңдер деп, тек Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер деген сөзді айтпағанында, олар (мүшіктер) оның дағуатына бірден жауап беруге асыққан болар еді. Бірақ та, олар араб тілінің иелері (яғни, арабтар) болғандықтан, Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтудың артында Аллаһтан басқа құлшылық етіліп жатқан жалған тәңірлердің барлығына күпір келтіру керектігін, әрі бұл кәлима ешбір мағынасы жоқ жай ғана тілмен айта салатын сөз еместігін өте жақсы түсінген. Сол үшін де олар пайғамбарымыз (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) жайында:

أَجَعَلَ الْآلِهَةَ إِلَٰهًا وَاحِدًا ۖ إِنَّ هَٰذَا لَشَيْءٌ عُجَابٌ

{Тәңірлерді бір ғана тәңір қылмақшы ма?! Расында, бұл – өте таңқаларлық нәрсе![72]} деген.

Басқа бір аятта:

إِنَّهُمْ كَانُوٓا۟ إِذَا قِيلَ لَهُمْ لَآ إِلَـٰهَ إِلَّا ٱللَّهُ يَسْتَكْبِرُونَ *

[72] Сод сүресі, 5-ші аят.

وَيَقُولُونَ أَئِنَّا لَتَارِكُوٓاْ ءَالِهَتِنَا لِشَاعِرٍ مَّجۡنُونِۭ

{Егер оларға: «Лә иләһә иллә Аллаһ (Аллаһтан өзге құлшылық етілуге лайықты ешбір Тәңір жоқ)»- деп айтылса, олар тәкәппарланып, өздерін жоғары санайтын. Әрі олар: «Біз жын ұрған ақынға бола тәңірлерімізді тастайық па?!»,- деп айтатын еді[73]} деген.

Олар Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы олардан тек Аллаһқа ғана құлышылық етіп, Одан өзгелерге құлшылық етуден бас тартулары керектігін талап ететіндігін білген. Егер олар Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын айтып алып, Аллаһтан басқа нәрселерге құлшылық етіп жүре берсе, онда екі сөйлеген әрі өз-өздеріне қарсы келген болар еді. Ал, олар екі сөйлеуді немесе өз сөздері мен уәделеріне қарсы келуді ұнатпайтын болған. Ал, қазіргі таңда қабірлер мен кесенелерге табынып жүргендер екі сөйлеуден еш тайынбайды. Өйткені, олар Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтып алып, сосын өлілерге құлшылық етумен, қабірлер мен кесенелерге түрлі-түрлі ғибадаттарды арнау арқылы екі сөйлеп өз-өздеріне қарама-қайшы келеді. Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасын Абу Жәһл мен Абу Ләһәб одан қарағанда жақсырақ білген адамға өкініш болсын!

Қорытындылай айтқанда: Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Одан өзге нәрселерге құлшылық етуді жоққа шығара отырып Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасын бекітіп, оның талаптары мен міндеттемелеріне іштей және сырттай амал еткен адам – шынайы мұсылман болып саналады. Ал, оның талаптары мен міндеттемелеріне сырттай ғана амал етіп,

[73] Соффат сүресі, 35-36 шы аяттар.

алайда іштей ол нәрсені қабылдамаған адам – мұнафиқ (екі жүзді) болып есептеледі. Ал, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын тек тілмен ғана айтып, сосын ширк жасап Аллаһтан басқаға табынған адам – екі сөйлейтін мүшрік болып табылады. Сондықтан, бұл кәлиманың талаптары мен міндеттемелеріне сай амал ету үшін оның мән-мағынасын түсініп барып айту қажет. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَلَا يَمۡلِكُ ٱلَّذِينَ يَدۡعُونَ مِن دُونِهِ ٱلشَّفَٰعَةَ إِلَّا مَن شَهِدَ بِٱلۡحَقِّ وَهُمۡ يَعۡلَمُونَ

{Тек ақиқатты біле тұра оған шынайы куәлік бергендер ғана (шапағат қылу құқына ие бола алады)[74]}.

Ал, оның талаптары мен міндеттемелеріне сай амал ету деген – тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Одан өзге құлшылық етіліп жатқан жалған тәңірлерге күпір келтіру, оларға табынудан бас тарту. Ақиқатында, бұл нәрсе – Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының басты мақсаты болып саналады.

Сонымен қатар, бұл кәлиманың талаптары мен міндеттемелерінің қатарына жататын нәрсе – ғибадаттар бабында, тұрмыстық жағдайлар тұрғысында, харам мен халал мәселелерінде Аллаһтың шариғатына жүгіну, әрі Оның шариғатынан басқа нәрселерден бас тарту.

Аллаһ Тағала айтқандай:

أَمۡ لَهُمۡ شُرَكَٰٓؤُاْ شَرَعُواْ لَهُم مِّنَ ٱلدِّينِ مَا لَمۡ يَأۡذَنۢ بِهِ ٱللَّهُۚ

[74] Зухруф сүресі, 86-шы аят.

{Жоқ әлде олардың Аллаһ рұқсат етпеген нәрсені оларға заңдастырып беретін серіктері (Аллаһтан басқа құдайлары) бар ма?[75]}.

Және:

ٱتَّخَذُوٓاْ أَحۡبَارَهُمۡ وَرُهۡبَٰنَهُمۡ أَرۡبَابٗا مِّن دُونِ ٱللَّهِ

{Олар (яһудтар мен насаралар) өздерінің дін ғалымдарын және монахтарын Аллаһтан өзге құдай етіп алды[76]}.

Сахих хадисте келгендей:

Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) ‘Адий Ибн Хатимге осы аятты оқиды, сонда ол: **«(Оларды Құдай қылып алатындай) біз оларға құлшылық қылмайтынбыз»,- дейді. Сонда Аллаһ елшісі оған: «Егер сол ғалымдар мен монахтар Аллаһ адал еткен нәрсені сендерге харам етсе, сендер де харам ететін едіңдер емес пе? Сондай-ақ, егер Аллаһ харам еткен нәрсені адал (халал) етсе, сендер де адал ететін едіңдер емес пе?»,- дейді. Ол: «Әлбетте солай еді»,- деп жауап береді. Сонда Аллаһ елшісі: «Міне, осы нәрсе – сендердің оларға құлшылық қылғандарың болып есептеледі[77]»,-** дейді.

---

[75] Шура сүресі, 21-ші аят.

[76] Тәубе сүресі, 31ші аят.

[77] «Әл-Жәмиғ әс-Сахих» 5/46, «Жәмиғ әт-Тирмизи» 3095, әл-Байһақи, «әс-Сунан әл-Кубро»; 20350. Хадисті имам Альбани «сахих» деген.

Негізінде, әртүрлі заңдарға жүгінуді қойып, Аллаһтың Кітабына және Оның елшісінің Сүннетіне жүгіну қажет. Аллаһ Тағала айтқандай:

يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓاْ أَطِيعُواْ ٱللَّهَ وَأَطِيعُواْ ٱلرَّسُولَ وَأُوْلِى ٱلۡأَمۡرِ مِنكُمۡۖ فَإِن تَنَـٰزَعۡتُمۡ فِى شَىۡءٖ فَرُدُّوهُ إِلَى ٱللَّهِ وَٱلرَّسُولِ إِن كُنتُمۡ تُؤۡمِنُونَ بِٱللَّهِ وَٱلۡيَوۡمِ ٱلۡـَٔاخِرِۚ ذَٰلِكَ خَيۡرٞ وَأَحۡسَنُ تَأۡوِيلًا

{Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа бағыныңдар және елшіге бағыныңдар, сондай-ақ, өз араларыңнан болған басшыларға да (бағыныңдар). Егер Аллаһқа және Ақыретке иман келтірген болсаңдар, онда бір нәрседе тартысып қалған кездеріңде оның үкіміне жету үшін Аллаһқа (Оның Кітабына) және Елшіге (оның сүннетіне) жүгініңдер. Міне, осы – қайырлы әрі нәтиже тұрғысында да ең жақсысы[78]}.

Және:

ٱللَّهِۚ إِلَى فَحُكۡمُهُۥٓ شَىۡءٖ مِن فِيهِ ٱخۡتَلَفۡتُمۡ وَمَا

{Сендер қайшылыққа, талас-тартысқа түскен нәрсенің шешімі Аллаһта (Оның шариғатында)[79]}.

Аллаһтың шариғатынан басқа нәрселермен үкім етудің көріністеріне тоқталар болсақ: Егер сол Аллаһтың шариғатынан басқа нәрсемен үкім етіп жатқан адам: «Аллаһтың шариғатымен емес, сол нәрсемен үкім етуді уәжіп етіп бекітсе немесе сол нәрсені Аллаһтың шариғатынан да абзал әрі жақсырақ»- десе, онда ол адам үлкен күпірге әрі үлкен ширкке түсіп, Лә иләһә иллә Аллаһ

[78] «Ниса» сүресі, 59-шы аят.

[79] «Шура» сүресі, 10-шы аят.

кәлимасының мағынасына, таухидке түбейгейлі қарама-қарсы келген болады. Ал, егер ол адам: «Негізі Аллаһтың шариғатымен үкім ету парыз»- деп, алайда Аллаһтың шариғатымен емес, нәпсісіне ерген себепті немесе (сырттай және іштей дін дұшпандарының қатаң қысымының әсерінен) Аллаһтың шариғатымен емес, басқа нәрсемен үкім ететін болса, онда ол адам кіші күпірге түсіп, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасына қайшы келген болып есептеледі[80].

Қысқасын айтқанда: Бұл кәлиманы айтып алып, өздерінің ақидалары мен амалдарында оның мағынасына қарсы келетін адамдардың көбісі ойлайтындай, бұл кәлима оның мағынсын түсінбестен және оның талаптары мен міндеттемелеріне сай амал етпестен, әрі оның манһажымен

---

[80] **Ескерту:** Үлкен күпір мен үлкен ширк адамды діннен шығарады. Ал, кіші күпір мен кіші ширк болса, адамды діннен шығармайды, алайда, иманын әлсіретеді. Бұл нәрсенің бәрі жалпы айтлыған үкімдер. Алайда, белгілі бір адамды үлкен күпірге және үлкен ширкке немесе кіші күпірге және кіші ширкке шығару – бұл көрінген адамның істейтін ісі емес. Біз адасқан хауариждер немесе такфирилер сияқты жеке бір адамдарға өздігіміздан такфир жасаймаймыз (жеке бір адамдарды күпірге немесе ширкке шығармаймыз). Бәлки, үлкен күпір немесе үлкен ширк жасап қойған адамның үкімін ғалымдар мен шариғи қазыларға қалдырамыз. Өйткені, бір адамды күпірге немесе ширкке шығару – жеңіл іс емес. Сондай-ақ, үлкен күпірді немесе ширкті жасаған әрбір адам кәпір немесе мүшрік болуы шарт емес. Себебі, бір адамды күпірге шығару үшін оған сол нәрсенің күпір немесе ширк екендігі құжатпен жеткізіліп, оның көкейіндегі барлық күмәндар мен шүбәлар сейілген болуы сияқты және т.б көптеген талапты түрде орындалу тиіс болған шарттар әрі міндетті түрде жойылуы керек болған кедергілер бар. Осыншама шарттар мен талаптар қарапайым адамды күпірге шығаруда барысында сақталуы тиіс болса, онда патшалар мен басшыларға қатысты бұл шарттар мен талаптар көбейе әрі күшейе түседі. Бірақ, мұның барлығын әркім біле бермейді. Ал, көптеген мұсылмандарды кәпірге шығарып жүрген хауариждер мен такфилилер күпірге шығарудың шарттары мен кедергілері жайында мүлде білімсіз әрі надан болып келеді. Солардың бірі тіпті Құран оқып білмеуі мүмкін, бірақ та, біреуді кәпірге шығару сияқты үлкен де ұлы мәселемен азанды-кеш айналысады. Сондықтан, жеке адамның мәселесін ілім иелеріне қалдыру қажет.

(жолымен) жүрместен, тек береке тілеу үшін азанда және кешке тілмен ғана айтып қоятын зікір емес, бәлки, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы – мұсылмандардың өмірінің барлық пүнктілерінде; ғибадаттарында, тұрмыс-тіршіліктерінде және олардың барлық істерінде үстемдік ету керек болған ұлы кәлима.

Сонымен қатар, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының талаптары мен міндеттемелерінің қаратына жататын нәрсе – Аллаһ Тағала Өзін атаған және сипаттаған әрі елшісі Оны атаған және сипаттаған Аллаһтың көркем есім-сипаттарын бекіту. Аллаһ Тағала қасиетті Құранда айтқандай:

وَلِلَّهِ ٱلۡأَسۡمَآءُ ٱلۡحُسۡنَىٰ فَٱدۡعُوهُ بِهَاۖ وَذَرُواْ ٱلَّذِينَ يُلۡحِدُونَ فِيٓ أَسۡمَٰٓئِهِۦۚ سَيُجۡزَوۡنَ مَا كَانُواْ يَعۡمَلُونَ

{Ең көркем есімдер – Аллаһта. Ендеше, сол есімдері арқылы Одан қажеттеріңді тілеңдер. Ал, Оның есімдеріне қатысты ауытқығандарды қалдырып, тәрк етіңдер (оларды тастаңдар). Жақын арада оларға істегендерінің қайтарымы (жазасы, азабы) берілетін болады[81]}.

Имам Абдур-Рахман Ибн Хасан (рахимаһуллаһ) өзінің «Фатхуль-Мәжид» деген кітабында келесідей айтқан:

« الإلحاد (Илхад) сөзінің араб тіліндегі негізгі мағынасы – мақсаттан тайу, ауытқу, зұлымдық қылу және адасу деген мағыналардан алынған. Аллаһ Тағаланың көркем есімдерінің барлығы Аллаһ Өзін құлдарына таныстырған есімдер мен

[81] Ағраф сүресі, 180-ші аят.

сипаттарға және Аллаһтың Кемелдігіне дәлел болып табылады.

*Ал, Аллаһтың есім-сипаттарында илхад қылу (ауытқу, адасу) дегеніміз бірнеше көрініс*те болады:

1) Аллаһтың есім-сипаттарын жоққа шығарып, оларға иман келтірмеу.

2) Немесе есім-сипаттардың мағынасын жоққа шығарып, мағыналары бар екеніне иман келтірмеу.

3) Немесе есім-сипаттардың мағыналарын бұрмалау арқылы негізгі мағыналарының шеңберінен шығарып жіберу.

4) *Немесе сол есім-сипаттарды жаратылыстарға қолдану арқылы ауытқу»*[82].

(Имам Абдур-Рахман Ибн Хасанның сөзі аяқталды).

Жәһмилер мен му'тазилилер және ашғарилер (мен матрудилер) сияқты адасқан топтар Аллаһтың есім-сипаттарын жоққа шығарып немесе мағынасын бұрмалап немесе олардың мағынасын Аллаһқа тапсырып, сол есім-сипаттардың ұлы мағыналарына сенбеу арқылы Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының талаптары мен міндеттемелеріне қарсы келген. Жоғарыдағы аятта айтылғандай, Аллаһ Тағалаға Оның көркем есімдері арқылы тауассуль жасау (жалбарыну, қажеттерді тілеу) керек. Көркім есім-сипаттарға ие болмаған тәңір қалайша Тәңір болмақ?! Әрі оған қалай дұға қылынбақ?!

---

[82] Мәселен, кезінде мүшріктер Аллаһтың әл-Иләһ деген есімін өзгертіп, өздерінің әл-Ләт деген пұттарына қолданған. Сол сияқты, Аллаһтың әл-Азиз деген есімін әл-Уззә деген пұттарына істетсе, әл-Мәннан деген есімін Манат деген пұттарына істеткен.

Имам Ибн Қойим (рахимаһуллаһ) айтады:

«Адамдар шариғаттың көптеген үкімдерінде пікір-таласқа түскен. Алайда, олардың ешбірі Аллаһтың есім-сипаттары айтылған аяттардың түсінігінде ешуақытта пікір-таласқа бармаған. Бәлки, сахабалар мен табиғиндердің барлығы Аллаһтың есім-сипаттары қалай айтылған болса, солай қабылдауға, оның мағынасын түсінуге және бекітуге бірауыздан келіскен[83]*.*

Осыдан келе, есім-сипаттардың баяндалуы шариғи үкімдердің баяндалуынан да артық көріністе баяндалғаны анық бола түспек. Әрі олардың баяндамасын толық түсіндіру маңыздырақ болып табылады. Өйткені, есім-сипаттарды дұрыс түсіну – Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының талаптары мен міндеттемелерін жүзеге асырудан болып есептеледі. Сонымен қатар, есім-сипаттарды бекіту – таухидтің бір бөлігі болғандықтан, Аллаһ елшісі (Аллаһтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) оны өз үмбетіне ешбір түсініспеушілікке түспейтіндей

---

[83] Сондай-ақ, олар есім-сипаттардың мағынасын емес, бәлки шынайы көрінісі түрде қалай екенін Аллаһқа тапсыруға бірауыздан келіскен. Өйткені, есім-сипаттардың мағынасы қалай екендігі түсінікті. Ал, олардың хақиқи түрде қалай екенін Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Дегенмен де, қазіргі таңда кейбір адамдар сәләфтарды өздері сияқты муфауидалар (Аллаһтың есім-сипаттарының мағынасын Аллаһқа тапсыратындар) қылып көрсеткісі келеді. Алайда, өтіріктің жіпі ұзаққа жетпейді. Сәләфтар ешуақытта: «есім-сипаттардың мән-мағынасын біз білмейміз, сондықтан оны Аллаһқа тапсырамыз»- демеген. Олар есім сипаттардың мағынасын Аллаһтың Өзіне лайықты көріністе деп бекітіп, олардың хақиқи көрінісі қалай екендігін ғана Аллаһқа тапсырған. Мәселен, кейбір аяттар мен сахих хадистерде Аллаһтың қолы бар деп келеді. Олар (сахабалар мен табиғиндер) қолдың мағынасын түсіп, Аллаһтың Өзіне жараса қолы бар деп бекіткен. Бірақ, біз Оның қолы шынайы түрде қандай сипатта екенін білмейміз деп, оның хақиқи сипатын Аллаһтың Өзіне тапсырған. Сөзсіз, мағына мен сипаттың шынайы көрінісі қалай екенін Аллаһқа тапсырудың арасында өте үлкен айырмашылық бар...

дәрежеде толығымен баяндап кеткен. Негізінде шариғи үкімдер айтылған аяттар болса, олардың мағынасын санаулы адамдар (ғалымдар мен ілім ізденушілер) ғана түсіне алады. Ал, есім-сипаттар айтылған аяттарды барлық адамдар түсіне береді. Яғни, сипаттардан келіп шығатын негізгі мағынаны барлық адамдар түсінеді. Бірақ, оның шынайы түрде қалай екенін Аллаһтан өзге ешкім білмейді...

Кемел сипаттарға ие емес тәңір ешуақытта Тәңір де, Басқарушы да, Раббы да болып есептелмейтіндігі Аллаһтан түскен кітаптардан және сау-сәлемет болған сана-сезімдерден-ақ белігілі. Сондай-ақ, кемел сипаттарға ие болмау – тәңірге айып болып саналады, әрі ондай тәңір осы дүниеде де, ақыретте де мақтауға лайық болмайды. Негізінде, осы дүниеде де, ақыретте де мақтау-мадақтардың барлығы кемел де құдіретті сипаттарға ие болған тәңірге ғана лайық болмақ. Сол үшін де сәләфтарымыз өздерінің ақида бабында жазған кітаптарында Аллаһтың сипаттарын; яғни, Аллаһтың Өз жаратылыстарынан жоғарыда екенін, Аллаһтың сөйлеуін, әрі сөйлесуін «таухид» деп атап кеткен. Себебі, осы сынды сипаттарды жоққа шығарып, оларға күпір келтіру – Жаратушы Аллаһты жоққа шығарып, Оған күпір келтіруге алып келеді. Ал, Аллаһты есім-сипаттары арқылы жалғыздау – Оның көркем есімдері мен кемел сипаттарын бекітіп, оларды жаратылыстардың сипаттарына ұқсатудан және қандай да бір кемшіліктің болуынан пәктеу арқылы жүзеге аспақ».

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы адамға қай кезде пайда беретіндігі және қай кезде пайдасы болмай қалатындығы турасында

Жоғарыда айтылғандай, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы міндетті түрде мағынасын білумен және оның талаптары мен міндеттемелеріне сай амал етумен қатар жүру керек. Алайда, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын тек тілмен айтып қоюдың өзі жеткілікті деген мағына келіп шығуы мүмкін болған хадистерді кейбір адамдар қате түсініп алып, оның мағынасын түсінуге ұмтылмастан, оған сай амал етпестен, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын тек тілмен айтуға сүйеніп қалып, оның мақсаты мен міндеттемелеріне қарама-қайшы келіп жатқандықтан, ақиқатты іздеген адамдардың сана-сезімдерінен бұл қате түсінікті кетіру – оны тек тілмен ғана айтып қою жеткіліксіз екендігін баяндауды талап етіп отыр.

Құрметті ғұлама **шейх Сулейман Ибн Абдуллаһ** (рахимаһуллаһ) айтады:

‘Итбән Ибн Мәлик (Аллаһ одан разы болсын) жеткізген хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын):

فَإِنَّ اللَّهَ قَدْ حَرَّمَ عَلَى النَّارِ مَنْ قَالَ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ ؛ يَبْتَغِي بِذَلِكَ وَجْهَ اللَّهِ

«Аллаһтың жүзін қалап «Лә иләһә иллә Аллаһ» (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ) деп айтқан адамға Аллаһ тозақты харам еткен[84]»,- деген.

Біл! Сыртқы көрініске Лә иләһә иллә Аллаһ, Мухаммад Расулуллаһ кәлимасын айтқан адамға тозақ харам етіледі

[84] «Сахих әл-Бухари» 425, «Сахих Муслим» 33.

деген мағынаға нұсқау болатын кейбір хадистер келген. Сол хадистердің бірі жоғарыда өткен ‘Итбән Ибн Мәликтің хадисі. Және Әнас Ибн Мәликтен (Аллаһ одан разф болсын) жеткен хадисте пайғамбарымыз (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) Муаз Ибн Жәбәлға (Аллаһ одан разы болсын):

مَا مِنْ أَحَدٍ يَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَنَّ مُحَمَّدًا رَسُولُ اللَّهِ صِدْقًا مِنْ قَلْبِهِ، إِلَّا حَرَّمَهُ اللَّهُ عَلَى النَّارِ

«Әй, Муаз! Кімде-кім: «Әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһ, уә әшһәду әннә Мухаммадан Расулуллаһ (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір Тәңір жоқ, әрі Мұхаммед Оның Елшісі екендігіне куәлік беремін)» деген сөзді жүрегінен шыншыл болған күйде айтатын болса, сөзсіз, Аллаһ (Тағала) ол адамға тозақты харам етеді[85]»,- деген.

Және ‘Убәда Ибн Сомитттен (Аллаһ одан разы болсын) жеткен хадисте:

«Әшһәдә әллә иләһә иллә Аллаһ, уә әшһәду әннә Мухаммадан ‘абдуһу уә Расулуһу» (Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты ешбір тәңір жоқ және Мұхаммед – Оның құлы әрі елшісі)»,- деп куәлік берген адамға Аллаһ Тағала тозақты харам етеді[86]»,- делінген.

Сондай-ақ, кәлима-шаһаданы айтқан адам жәннатқа кіретіндігі жайында айтылған хадистер де келген. Бірақ та, ол хадистерде кәлима-шаһаданы айтқан адам тозаққа түспейді деген нәрсе айтылмаған. Мәселен, Абу Һурайрадан

---

[85] «Сахих әл-Бухари» 128, «Сахих Муслим» 32.

[86] «Сахих Муслим» 32.

(Аллаh одан разы болсын) жеткен хадисте Аллаh елшісі (Аллаhтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) былай деген:

أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَنِّي رَسُولُ اللَّهِ، لَا يَلْقَى اللَّهَ بِهِمَا عَبْدٌ، غَيْرَ شَاكٍّ فَيُحْجَبَ عَنِ الْجَنَّةِ

«Мен – Аллаhтан өзше құлшылық етілуге лайықты ешбір құдай жоқ әрі мен Оның елшісі екендігіме куәлік етемін. Кімде кім осы екі куәлікке (куәлік етіп), оған күмәнданбастан Аллаhты кездестіретін болса, жәннаттан тосылмайды[87]».

Имам Ибн Ражаб (рахимаhуллаh) өзінің «Кәлиматуль-Ихлас» атты еңбегінде осы хадистерді түсіндіре келе келесідей айтқан:

Бұл баптың хадистері екі түрлі көріністе келген:

<u>Біріншісі</u>: Лә иләhә иллә Аллаh, Мухаммад Расулуллаh деп айтқан адам жәннатқа кіреді, әрі оған кіруден еш тосылмайды деген мағынада келген хадистер. Әлбетте, солай. Өйткені, таухидтен ұстанғандардың[88] ешбірі тозақта мәңгі қалмайды. Демек, ол адам кейбір күнәлары үшін тозаққа түсіп, күнәларынан тазарғаннан кейін жәннатқа кіреді және жәннатқа кіруден оны ешнәрсе тоспайтын болады. Имам әл-Бәззардың Муснадында Абу Һурайрадан (Аллаh одан разы болсын) жеткен хадисте Аллаh елшісі (Аллаhтың оған мақтауы мен сәлемі болсын): **«Кімде-кім Лә иләhә иллә Аллаh кәлимасын (ықыласпен) айтатын**

---

[87] «Сахих Муслим» 27.

[88] Яғни, Аллаhқа серік қоспаған шынайы мұсылмандар.

болса, күндердің бір күнінде пайдасын береді. Ал, олан алдын оған келетін нәрсе келіп жетуі мүмкін[89]»,- деген.

<u>Екіншісі</u>: Лә иләһә иллә Аллаһ, Мухаммад Расулуллаһ деп айтқан адамға тозақ харам етіледі деген мағынада келген хадистер. Бұл хадистерді кейбір ғұламалар: «Лә иләһә иллә Аллаһ, Мухаммад Расулуллаһ деп айтқан адам тозақта мәңгі қалуға арам етіледі немесе (мүшріктер, кәпірлер және мұнафиқтар) мәңгі қалып азапталатын тозақта мәңгі қалмайды (яғни, олар азапталатын тозаққа кіруге харам етіледі). Бірақ, көптеген мұсылмандар жасаған күнәлары себепті кіретін тозақтың ең жоғарғы бөлігіне кіруі мүмкін. (Тозақтың сол ең жоғарғы бөлігіне кірген күннің өзінде, онда мәңгі қалуға арам етілген)» деп түсіндірген. Сахих әл-Бухари мен Сахих Муслимде келгендей, Аллаһ Тағала: **«Құдіретіммен, Ұлылығыммен және Тәкәппарлығыммен ант етемін! Расында, Мен тозақтан Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтқан адамдарды шығарамын»,-** деген.

Сондай-ақ, осы хадистердің арасын біріктіре келе, көптеген ғалымдар былай деген екен: Бұл хадистердің мағынасы – кәлима-шаһаданы айтқан адамға ол нәрсе оның жәннатқа кіруіне және тозақтан құтылуына бір жағынан шарт, екінші жағынан себеп болып табылады. Дегенмен де, кәлима-шаһада жәннатқа кіруге себеп болу үшін міндетті түрде оның шарттары сақталған әрі кедергілері жойылған болуы тиіс. Ал, егер кәлима-шаһаданың шарттары толық орындалмаса немесе оның шарттары толық орындалудан тосатын кедергілер пайда болып қалса, онда оның пайдасы

[89] Яғни, күнәларынан тазару үшін тозаққа түссе де, лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын шын жүректен айтқаны себепті күндердің бір күнінде жәннатқа кіретін болады.

болмай қалады[90]. Олардың осы сөзі – дұрысырақ сөз болып есептеледі.

Осы баптан, имам әл-Фәроздақ әйелін жерлеп жатқан кезде оған **имам Хасан әл-Басри** келіп: *«(Әй, Фәроздақ!) Осы күнге (яғни, қабірде жалғыз қалатын қорқынышты күнге) не дайындадың?»,- деп сұрайды. Сонда Әл-Фәроздақ: «Жетпіс жылдан бері Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын дайындап келе жатырмын»,- дейді. Сол кезде Хасан әл-Басри оған: «Өте керемет әрі тым жақсы дайындық екен. Бірақ та, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының міндетті түрде орындалу керек болған шарттары бар. Сондықтан да, ары таза әйелдерді (және еркектеді де) «зинақор» деп айыптаудан сақтан»,*- дейді.

Сондай-ақ, **имам Хасан әл-Басриге** (рахимаһуллаһ): *«Адамдар Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын айтқан адам жәннатқа кіреді деп жатырғой?»,- делінеді. Сонда ол: «Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын айтып, оның ақылары (шарттары) мен парыздарын өтеген адам жәннатқа кіреді»,*- деп жауап қатады.

Және **имам Уәһб Ибн Мунәббиһке** (рахимаһуллаһ) адамдар келіп: *«Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы жәннаттың кілті емес пе?»,- деп сұраған кезде, ол оларға: «Әлбетте солай! Алайда, кез-келген кілттің тістері бар. Егер тісі бар кілтпен келсең, саған жәннаттың есігі ашылады. Ал, егер тісі жоқ кілтпен келсең, онда саған жәннаттың есігі ашылмайды»,*- деп жауап беретін болған екен.

---

[90] Яғни, лә иләһә иллә Аллаһ деп айтып алып, Аллаһқа серік қосса немесе Оған күпір келтірсе, онда оның амалдарының бәрі түгелдей жойылып, оған кезінде лә иләһә иллә Аллаһ деп айтқаны пайда бермей қалады.

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының (жеке адамға және қоршаған ортаға) әсері

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы егер шыншыл әрі ықыласты түрде айтылып, оның міндеттемелеріне сай іштей және сырттай амал етілетін болса, онда жеке адамда және қоршаған ортада оның өте жақсы әрі мақтаулы әсерлері көрініс алатын болады. Сол жақсы әсерлердің ең бастылары:

Біріншіден: *Мұсылмандардың сөздерінің бірігіуі.*

Оның нәтижесі мұсылмандардың күштерінің артуына әрі дін дұшпандарының үстінен жеңіске жетуіне алып келеді. Өйткені, олар біз дінді әрі бір ақиданы ұстанатын болады. Аллаһ Тағала айтқандай:

وَٱعۡتَصِمُواْ بِحَبۡلِ ٱللَّهِ جَمِيعٗا وَلَا تَفَرَّقُواْ

{Барлықтарың Аллаһтың дінін толық ұстаныңдар да, еш бөлінбеңдер[91]}.

Және:

هُوَ ٱلَّذِيٓ أَيَّدَكَ بِنَصۡرِهِۦ وَبِٱلۡمُؤۡمِنِينَ ۝ وَأَلَّفَ بَيۡنَ قُلُوبِهِمۡۚ لَوۡ أَنفَقۡتَ مَا فِي ٱلۡأَرۡضِ جَمِيعٗا مَّآ أَلَّفۡتَ بَيۡنَ قُلُوبِهِمۡ وَلَٰكِنَّ ٱللَّهَ أَلَّفَ بَيۡنَهُمۡۚ إِنَّهُۥ عَزِيزٌ حَكِيمٞ

{Ол (Аллаһ) сені Өз жәрдемімен және мүміндер арқылы қолдады. Әрі олардың жүректерін біріктірді. Егер сен жердегі барлық нәрселерді жұмсасаң да, олардың жүректерін біріктіре алмайтын едің. Алайда,

[91] Әли Имран сүресі, 103-аят.

Аллаһ олардың жүректерін біріктірді. Расында, Ол – Азиз (барлығынан Үстем), Хаким (Дана)[92]}.

Ал, ақидада келіспеушілікте болу – бөлінудің, талас-тартысқа түсудің және өзара қақтығыстар мен алауыздықтардың туындауына басты себеп. Аллаһ Тағала айтқандай:

فَتَقَطَّعُوٓاْ أَمۡرَهُم بَيۡنَهُمۡ زُبُرٗاۖ كُلُّ حِزۡبِۭ بِمَا لَدَيۡهِمۡ فَرِحُونَ

{Олар (талас-тартысқа түсіп) істерін (діндерін) өз араларында бөліктерге бөлді. Әрбір ағым өздеріндегіге мәз болуда[93]}.

Адамдарды Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының талаптамасы болып табылатын ақида мен иманнан және таухидтен басқа ешнәрсе жинай алмайды. Бұл жайында арабтардың Исламға дейінгі және Исламнан кейінгі жағдайынан ғибрат алуға болады.

Екіншіден: *Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының міндеттемелерінен ұстанатын ортада тыныштық пен амандықтың кең көрініс алуы.*

Себебі, ол қоғамның әрбір мүшесі өзінің бойындағы ақидаға амал ете отырып, Аллаһ халал (адал) еткен нәрсені алып, Аллаһ харам (арам) еткен нәрсені тастайды. Сондай-ақ, зұлымдық пен шектен шығушылықтан және дұшпаншылықтан өз-өзін ұстайды. Сөйтіп, бұлардың орнын өзара жақсылықта көмектесу, бір-бірін жақсы көріп, бір-біріне мейірбандылық таныту секілді көркем мінездер

[92] Әнфәл сүресі, 62-63 аяттар.

[93] Му'минун сүресі, 53-аят.

басатын болады. Бұның барлығы Аллаһтың келесі сөзіне амал етудің арқасында жүзеге асады. Аллаһ Тағала айтқандай:

إِنَّمَا ٱلۡمُؤۡمِنُونَ إِخۡوَةٞ

{Расында, мүміндер (иман келтіргендер) – бауырлар[94]}.

Бұл нәрсені арабтардың осы Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының міндеттемелеріне амал етпей тұрып (Исламға кірмей тұрып), олардың өзара қатты дұшпаншылықта болып, адам өлтірумен, зорлық-зомбылықпен, тонап-ұрлаумен мақтанатындықтарынан аңғаруға болады. Ал, олар (Исламға кіріп) осы кәлиманың міндеттемелеріне амал еткен кезде бір-бірін Аллаһ үшін жақсы көретін бауырларға айнала түскен. Аллаһ Тағала айтқандай:

مُّحَمَّدٞ رَّسُولُ ٱللَّهِۚ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ أَشِدَّآءُ عَلَى ٱلۡكُفَّارِ رُحَمَآءُ بَيۡنَهُمۡۖ

{Мұхаммед – Аллаһтың елшісі. Ал, оның қасындағылар (сахабалар, мүміндер) – кәпірлерге қатаң, өзара өте мейірімді[95]}.

Және:

وَٱعۡتَصِمُواْ بِحَبۡلِ ٱللَّهِ جَمِيعٗا وَلَا تَفَرَّقُواْۚ وَٱذۡكُرُواْ نِعۡمَتَ ٱللَّهِ عَلَيۡكُمۡ إِذۡ كُنتُمۡ أَعۡدَآءٗ فَأَلَّفَ بَيۡنَ قُلُوبِكُمۡ فَأَصۡبَحۡتُم بِنِعۡمَتِهِۦٓ إِخۡوَٰنٗا وَكُنتُمۡ عَلَىٰ شَفَا حُفۡرَةٖ مِّنَ ٱلنَّارِ فَأَنقَذَكُم مِّنۡهَاۗ كَذَٰلِكَ يُبَيِّنُ ٱللَّهُ لَكُمۡ ءَايَٰتِهِۦ لَعَلَّكُمۡ تَهۡتَدُونَ

{Барлықтарың Аллаһтың дінін толық ұстаныңдар да, еш бөлінбеңдер. Сондай-ақ, Аллаһтың сендерге

---

[94] Хужурат сүресі, 10-аят.

[95] Фатх сүресі, 29-аят.

берген нығметін еске алыңдар; сендер (Исламнан алдын бір-біріңе) дұшпан болған кездеріңде, Ол (Аллаh) жүректеріңнің арасын жарастырып, соның арқасында Аллаhтың нығметімен сендер бауырларға айналдыңдар. Әрі сендер Оттың (тозақтың) шұңқырының ернеуінде едіңдер, (Аллаh) сендерді одан құтқарды. Сендер тура жолмен жүрулерің үшін Аллаh сендерге өз аяттарын осылай түсіндіреді[96]}.

Үшіншіден: *Жер жүзін басқарып, жердегілерге билік ету, дінді тазартып, түрлі-түрлі бұзылған пікірлерге төтеп беру.*

Аллаh Тағала айтқандай:

وَعَدَ ٱللَّهُ ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ مِنكُمۡ وَعَمِلُواْ ٱلصَّٰلِحَٰتِ لَيَسۡتَخۡلِفَنَّهُمۡ فِي ٱلۡأَرۡضِ كَمَا ٱسۡتَخۡلَفَ ٱلَّذِينَ مِن قَبۡلِهِمۡ وَلَيُمَكِّنَنَّ لَهُمۡ دِينَهُمُ ٱلَّذِي ٱرۡتَضَىٰ لَهُمۡ وَلَيُبَدِّلَنَّهُم مِّنۢ بَعۡدِ خَوۡفِهِمۡ أَمۡنٗاۚ يَعۡبُدُونَنِي لَا يُشۡرِكُونَ بِي شَيۡـٔٗاۚ

{Аллаh сендерден иман келтіргендерді және ізгі амал істегендерді – олардан бұрын өткендерді жер бетінде басқарушы еткені секілді оларды да жер бетінде басқарушы ететінін, әрі олар үшін разы болған дінді нығайтатынын және қорқыныштарын қауіпсіздікпен алмастыратынын уәде етті. (Бірақ шарт): Олар Маған (Аллаhқа) ғана құлшылық етеді әрі Оған ешнәрсені серік қоспайды[97]}.

Аллаh Тағала бұл аятта осы нығметтердің барлығы тек Оның Өзіне ғана құлшылық етіліп, Оған ешбір серік

---

[96] Әли Имран сүресі, 103-ші аят.

[97] Нұр сүресі, 55-аят.

қосылмаумен байланысты еткен. Сөзсіз, бұл нәрсе (бірқұдайшылдық) – Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының шынайы мағынасы әрі басты міндеттемесі болып саналады.

Төртіншіден: *Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын айтып, оның міндеттемесіне сай амал еткен адам өз бойында жанның рахаты мен тыныштығын табады және ойы мен сана-сезімі жинақтала, тұрақтала түседі.*

Өйткені, ол адам жалғыз ғана тәңірге құлшылық етеді. Сондықтан, Оның разылығына жетелейтін амалды біліп, оны істейді және Оны ызаландыратын амалды біліп, одан сақтанады, алыстайды. Ал, тек бір ғана Тәңірге емес, көптеген жалған құдайларға табынатын адамда бұл нәрсе болмайды. Себебі, олардың әрқайсының өзіне сай қалауы мен талабы бар. Аллаһ Тағала айтқандай:

ءَأَرۡبَابٞ مُّتَفَرِّقُونَ خَيۡرٌ أَمِ ٱللَّهُ ٱلۡوَٰحِدُ ٱلۡقَهَّارُ

{Бөлек-бөлек, түрлі-түрлі иелер (құдайлар) жақсы ма, әлде Жалғыз (әл-Уәхид), бәрін Бағындырушы (әл-Қаһһар) Аллаһ жақсы ма?[98]}

Және:

ضَرَبَ ٱللَّهُ مَثَلٗا رَّجُلٗا فِيهِ شُرَكَآءُ مُتَشَٰكِسُونَ وَرَجُلٗا سَلَمٗا لِّرَجُلٍۖ هَلۡ يَسۡتَوِيَانِ مَثَلًاۚ ٱلۡحَمۡدُ لِلَّهِۚ بَلۡ أَكۡثَرُهُمۡ لَا يَعۡلَمُونَ

{Аллаһ өзара келіспейтін бірнеше қожайыны бар бір кісі мен тек бір ғана қожайынға бағынышты басқа бір кісіні мысалға келтірді. Мысал тұрғысында бұл екеуі тең

[98] Йусуф сүресі, 39-аят.

бе? Сөзсіз, барлық мақтау – Аллаһқа тиесілі. Бірақ олардың көбісі оны білмейді[99]}.

Имам Ибн Қойим (рахимаһуллаһ) айтады:

«Бұл – Аллаһтың мүшрік пен муаххидке (бірқұдайшылға) келтірген мысалы. Мүшрік адам – бір-бірімен келісе алмайтын, өзара тартыс-таласқа түскен әртүрлі қожайындарға құл (қызметші) адам тәріздес. Әрдайым талас-тартысқа түсетін адам – мінезі нашар адам.

Мүшрік адам әртүрлі құдайларға табынатын болғандықтан, бірнеше қожайыны бар құлға (қызметшіге) теңестірілді. Олар оның қызметіне таласқандықтан, ол олардың барлығының разылығына жете алмайды. Ал муаххид (бірқұдайшыл) адам жалғыз Аллаһқа ғана табынатындықтан, бір ғана қожайынға бағынышты болған құлдың мысалында келтірілген. Ол өз қожайынының мақсат-мұратын және оны разы қылатын жолды біледі. Осылайша, ол мақсат-мұраттары мен разылықтары әртүрлі болған қожайындардың талас-тартыстарынан сәлеметтікте қалған. Тіпті, ол өз қожайынына ешбір келіспеушіліксіз-ақ толық мойынсұнғандықтан, қожайыны да оған мейірімділік пен мейірбандылық танытып, көптеген жақсылықтар мен жеңілдіктер жасайтын болады. Ал, енді осы екі құл тең бе?».

Бесіншіден: *Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын айтқандар дүние мен ақыретте ұлы әрі жоғары дәрежелерде болады.*

---

[99] Зүмәр сүресі, 29-шы аят.

Аллаh Тағала айтқандай:

حُنَفَآءَ لِلَّهِ غَيۡرَ مُشۡرِكِينَ بِهِۦۚ وَمَن يُشۡرِكۡ بِٱللَّهِ فَكَأَنَّمَا خَرَّ مِنَ ٱلسَّمَآءِ فَتَخۡطَفُهُ ٱلطَّيۡرُ أَوۡ تَهۡوِى بِهِ ٱلرِّيحُ فِى مَكَانٍ سَحِيقٍ

{Аллаhқа ханиф (бірқұдайшыл) болған және Оған ешнәрсені серік қоспаған күйлеріңде (пұттардың ластығынан әрі жалған сөздерден алыс) болыңдар. Аллаhқа серік қосқан адам – аспаннан құлап түсіп, оны құс іліп әкеткен, не жел алысқа ұшырып кеткен бір зат тәріздес[100]}.

Бұл аят – таухидтің (Аллаhқа ешнәрсені серік қоспаудың, бірқұдайшылдықтың) биіктік әрі жоғарылық екендігіне және ширк (Аллаhқа серік қосу) – биіктен құлау әрі төмендік екеніне дәлел.

Имам Ибн Қойим (рахимаhуллаh) былай деген:

«Аллаh Тағала иман мен таухид иесін құрметтілік пен биіктік және кеңдік тұрғысынан аспанға теңестірді. Ал, иман мен таухидті тәрк еткенді тарлық пен қаттылық және жалғасымды азаптар тұрғысынан құс оның денесін шұқып-шұқып бөлшектерге бөліп тастаған, аспаннан жердің ең төменіне құлап түскен бір адамға теңестірді».

Алтыншыдан: *Қан мен малдың және ардың амандықта болуы.*

Аллаh елшісі (Аллаhтың оған мақтауы мен сәлемі болсын) айтқандай:

---

[100] Хаж сүресі, 31-ші аят.

أُمِرْتُ أَنْ أُقَاتِلَ النَّاسَ حَتَّى يَقُولُوا: لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، فَإِذَا قَالُوا : لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ عَصَمُوا مِنِّي دِمَاءَهُمْ وَأَمْوَالَهُمْ إِلَّا بِحَقِّهَا، وَحِسَابُهُمْ عَلَى اللَّهِ

«Мен адамдармен олар: «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп айтқанға дейін күресуге бұйырылдым. Егер олар Лә иләһә иллә Аллаһ деп айтса, менен өздерінің қандары (жандары) мен малдарын сақтаған болады. Олардың қандары мен малдары тек лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының ақысымен ғана адал етілетін болады. Ал, олардың шынайы есебі Аллаһтың алдында болмақ[101].[102]».

Міне, Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының жеке адам мен қоғамға әрі қоршаған ортаға ғибадат пен қарым-қатынас және әдеп пен мінез-құлық тұрғысында осыншама ұлы әсері мен пайдасы бар екен. Тауфиқтың бәрі Аллаһтан. Аллаһтың мақтауы мен сәлемі пайғамбарымыз Мұхаммедке және оның әулеті мен сахабаларына болғай.

---

[101] «Сахих әл-Бухари» 2946, «Сахих Муслим» 21.

[102] Яғни, олардың лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасын шынайы немесе өтірік айтқандығы Аллаһтың алдында белгілі болады. Ал, біз осы өмірде олардың ауыздарынан шыққан сөзге байланысты үкім етеміз. Егер лә иләһә иллә Аллаһ деп айтса, ол адам біз үшін мұсылман болып есептеледі. Ал, оның ішкі дүниесін Аллаһқа тапсырамыз.

Кітаптың мазмұны

Автордың алғы сөзі 2-6

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының өмірдегі маңызы мен орны 6-11

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының құндылықтары мен артықшылықтары 11-24

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының тілдік жіктелуі..... 24-25

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының рүкіндері

(тіректері) 25-34

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының шарттары..... 34-47

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының мағынасы мен міндеттемелері 48-63

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасы адамға қашан пайда беретіндігі жайында 63-68

Лә иләһә иллә Аллаһ кәлимасының қалдыратын

әсері..... 68-75